



27 қараша, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz



ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ
2019 жыл
2018 жыл
2017 жыл
2016 жыл

2013-2014
2012 жыл

ТӘУЕЛСІЗДІК:
2013-2014 жылдар

Бұл кезеңде облысқа
белгілі мемлекет және қоғам
қайраткері Қырымбек
Қошербәев басшылық жасады.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

Аймақтағы өнеркәсіп өндірісінің 93,4 проценті мұнай және уран өндірісіне тиесілі. Алайда, жыл сайын мұнай өндірудің көлемі 2-3 процентке төмендеп келеді. Бұл жағдай мұнай мен газдың жана қорларын іздестіріп, барлау жұмыстарын жалғастыра беруді талап етті.

Сондықтан облыс экономикасын дамытудағы басым бағыт ретінде өңдеу өнеркәсібі айқындалды. 2013 жылы аталған саладағы өндіріс көлемінің өсімі 19 проценттен асты.

Облыс тұрғындарын «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету мәселесі көп жылдан бері көтеріліп келеді. Бұл – өте маңызды түйткіл. Оны шешу де оңай емес. Өйткені газ тарту көп қаражатты қажет етеді.

2013 жыл басында облыс әкімдігі күрделі мәселені шешуді қолға алып, «ҚазТрансГаз» АҚ мен оның еншілес ұйымы «ҚазТрансГаз Аймақ» мекемесімен келіссөздер жүргізді. Нәтижесінде, аймақты газдандыруға байланысты ауқымды жұмыстар басталып кетті. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырынан Қызылорда қаласына дейін 23 шақырымнан асатын жоғарғы қысымды газ құбыры салынды, екінші резервті «көгілдір отын» желісі тартылды. Бұл облыс орталығын газбен үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ендігі кезекте желіге қосылмаған, әсіресе, жеке үйлерді қамту міндеті тұрды.

Аталған жұмыстар 2013-2014 жылдар бойы жүргізілді. Облыс әкімі жастарды жұмыспен қамтуға байланысты тың бастамалар ұсынды.

Жастарды жұмыспен қамтудағы маңызды шара ретінде колледждерді қайта бейімдеу ісін айтуға болады. «Біз экономикамызға қажетті мамандарды ғана даярлауымыз керек.

2-бет

● **ПРЕЗИДЕНТ**

ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Бельгияға ресми сапары осы елдің королі Филиппен кездесуден басталды.

Мемлекет басшысы пандемиядан кейінгі Еуропаға алғашқы сапарына ерекше мән беретінін атап өтті. Кездесуде екіжақты ынтымақтастықтың саяси, сауда-экономикалық және гуманитарлық салалардағы мәселелері талқыланды. Сонымен қатар халықаралық күн тәртібіндегі өзекті проблемалар жөнінде пікір алмасты.

– Елдеріміз арасындағы түрлі саладағы өзара ықпалдастық кеңейіп келе жатыр. Бұған біздің елімізге үш рет келген Сіздің қосқан үлесіңіз зор, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанда кейінгі жылдары жүргізіліп жатқан саяси реформаларға арнайы тоқталды. Бельгия Королі елімізде жүзеге асып жатқан саяси реформалар мен экономикалық және гуманитарлық салалардағы жұмыстар туралы мәліметтерді қызығушылықпен қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Брюссельге ресми сапары аясында Бельгияның Премьер-Министрі Александре Де Кроомен келіссөз жүргізді.

Кездесу барысында тараптар саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық салалар бойынша Қазақстан мен Бельгия арасындағы қарым-қатынастардың даму перспективаларын жан-жақты қарастырды. Сондай-ақ олар халықаралық және аймақтық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасып, халықаралық ұйымдар аясындағы өзара іс-қимылдарды талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент болып сайлан-



ғалы Бельгияға алғаш рет ресми сапармен келіп отырғанын айтты.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Бельгияны Еуропалық Одақтағы саяси және экономикалық тұрғыдан маңызды серіктес санайтынын жеткізді. Бельгия – еліміздің экономикасына инвестиция салу жөнінен алтыншы орындағы мемлекет. 2005 жылдан бері Бельгия инвестициясының жалпы мөлшері 9,3 миллиард АҚШ долларына жетті. Пандемияға қарамастан, өзара сауда көлемі 13 пайызға өсіп, 300 миллион доллардан асты. Қазақстанда бельгиялық капиталдың қатысуымен 65 заңды тұлға, филиалдар мен өкілдіктер жұмыс істейді.

Экономикалық байланыстарды жандандыру мақсатымен Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөнінде үкіметаралық комиссия құру туралы

уағдаластыққа қол жеткізілді. Сонымен қатар тараптар коронавирус пандемиясына қарсы күрес бойынша ықпалдастық орнату мәселесін қарастырды. Мемлекет басшысы Бельгияның Премьер-Министріне қазақстандық QazVac вакцинасы туралы айтып, бельгиялық биофармацевтика саласының даму деңгейін жоғары бағалады. QazBioPharm ұлттық холдингі мен жақында құрылған бельгиялық биофармацевтикалық платформа арасында ынтымақтастық орнатуды ұсынды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропалық кеңес Президенті Шарль Мишельмен келіссөз жүргізді. Кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімнің тиімді жүзеге асырылуына баса мән бере отырып, Қазақстан мен ЕуроОдақ

арасындағы стратегиялық серіктестіктің қазіргі жағдайы мен перспективаларын жан-жақты талқылады.

Кездесу барысында саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық салалар бойынша ықпалдастықты кеңейтуге ерекше назар аударылды. Сонымен қатар коронавирус пандемиясына қарсы күрес мәселелері сөз болды.

Бұдан бөлек, тараптар халықаралық және өңіраралық күн тәртібін, оның ішінде Ауғанстандағы жағдайды және осы елге гуманитарлық көмек көрсету үшін күш жұмылдыру мәселесін талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шарль Мишельдің Еуропалық кеңес президенті лауазымындағы көшбасшылығын жоғары бағалап, Қазақстанмен ынтымақтастыққа бағытталған ашық әрі конструктивті ұстанымына

ризашылық білдірді. Кейінгі 30 жылда Қазақстан мен ЕуроОдақ арасында өзара сенімге, құрметке және ортақ басымдықтарға негізделген берік қатынас орнағанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстардың қарқынды дамып келе жатқанын айтты. Мемлекет басшысының айтуынша, ЕуроОдақ – Қазақстан экономикасына жалпы 160 миллиард АҚШ доллары көлемінде инвестиция құйған ең ірі инвестор. Ал Қазақстан – ЕуроОдақтың Орталық Азия аймағындағы ең ірі сауда серіктесі. Өзара сауда айналымы 24 миллиард долларға жеткен.

Кездесуде Мемлекет басшысы Орталық Азиядағы су ресурстары мәселесіне тоқталып, аймақтағы мемлекеттердің гидроэнергетика, ирригация және қоршаған ортаны қорғау саласындағы маңызды мүдделерін теңестіруге бағытталған Халықаралық су-энергетикалық консорциум құру қажет екенін атап өтті. Осыған байланысты Президент еуропалық серіктестерді Қазақстанның бастамасын жүзеге асыруға үлес қосуға шақырды.

Сонымен қатар Қазақстан Президенті ЕуроОдақ жүзеге асырып жатқан еуропалық «жасыл келісім» атауымен белгілі жаңа экологиялық даму моделіне тоқталды. Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев сенімді әрі тұрақты түрде шикізатқа қолжетімділікті, сондай-ақ еліміздің аккумуляторлық күн тізбегіне бірігуін қамтамасыз ету арқылы Еуропалық шикізат альянсымен және Еуропалық аккумуляторлық альянспен арадағы серіктестікті жолға қоюға дайын екенін жеткізді.

● **ЫБЫРАЙ ЖАҚАЕВ – 130**

Дала дарабозының дауысы

29 қараша күні Қызылорда қаласында «Дала академиясы» атанған даңғайыр дикан, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаевтың 130 жылдығына арналған «Қазақстанның күрші шаруашылығын дамыту перспективалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтеді. Онда Ресей, Өзбекстан және еліміздің ғалымдары баяндама жасайды. Конференция қарсаңында даңғайыр дикан, оның мұрасы, Сыр күршінің даңқы мен оны өсірудегі жаңашылдықтар туралы материалдар топтамасын 4-5 беттерде ұсынып отырмыз.



ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 8-сессиясы 2021 жылғы 30 қарашада сағат 10:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылады.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселе ұсынылады:

- Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 24 қазандағы №143 «Әлеуметтік маңызы бар қалайыштық қатынастардың тізбесін айқындау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Облыстық мәслихат

● **ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ**

ҚЫМБАТШЫЛЫҚ: ОНЫҢ СЫРЫН БІЛЕСІЗ БЕ?

Қазір тұтыну нарығындағы қымбатшылық туралы жиі айтыла бастады. Өкінішке қарай, бұл – әлемдік құбылыс. Тұрмысы жайлы деген Еуропада, Батыс елдерінде қымбатшылықтан арылу жолдары қарастырылғанымен, әзірге нәтиже көрінбейді. Айталық, тұрмыс тауқыметінен зардап шеккен Ауғанстанның, Таяу Шығыс және Африка елдері азаматтарын сол ауқатты деген Еуропаның өзі қабылдауға құлықсыз.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

Проблемалар қоныс аударып, жақсы өмір сүрумен шешіліп жатса, көнекей. Қазір қымбатшылық барлық елдерді, салаларды қамтуда. Күні кеше салыстырмалы түрде тұрмысы қолайлы деген Түркияда ұлттық волгота – лира АҚШ долларына шаққанда 70 процентке қымбаттады. Ел абыржыды, толқу басталды. Қымбатшылық бүкіл Еуразиялық кеңістікте беуен ала бастады. Арменияда, Ресейде, Қырғызстанда, Тәжікстанда, одаққа кірмейтін Өзбекстанда да сондай. Нәліктен осылай болды? Айта берсе, түйткілдер толып жатыр.

Цифрларды сөйлетіп көрейік. 2021 жылдың қыркүйек айындағы статистика мәліметінше, Қазақстандағы экономика салалары бойынша несие қарызының қалдығы шамамен 344 трлн теңгені құрайды. Ал енді сараптама жасап көріңіз, осы несие қалдығының 86,4 проценти немесе 297 трлн теңгесі – біздің айтып жүрген тұтыну мақсатындағы несие. Несие берушілер аталған цифрға күмән келтіруі де мүмкін.

Себебі әлгі процентті жіліктей берсеңіз түсіндіре алмайтын, таусылмайтын түйткілдерге тап боласыз.

Бірақ айналып өте алмайтын бір шындық бар. Сол несие қалдығының 2,2 проценти ғана өнеркәсіп, 0,8 проценти ауылшаруашылық, 2,3 проценти құрылыс саласын қамтиды. Сауданың үлесі – 6,9 процент. Мәліметтерде әлгі 86 процент несие қалдығы жеке кәсіпкерлік, өнеркәсіп емес сала деп тайға таңба басқандай анық көрсетілген.

Одан да зорын айттайық, бұл – Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемді қамтып отырған дерт. Ат төбеліндей аздаған топ, шындығын айту керек, оңай ақша табу жолына көшті. Барлығы да ауадан ақша жасағысы келеді. Бірақ экономиканы көтеретін саланың бірі – материалдық игілік. Жай сөзбен, ескі тілмен түсіндіргенде, кәдімгі зауыт-фабрикалар. Әрине, кеңес ұғымындағы фабрикалар емес, кәдімгі әлемдік нарықта өнімі сұраныс табатын өндіріс керек. Әзірге бұл бағытта жұмыс жүріп жатыр. Бірақ қарқынды

біз күткендегіден төмен екені алаңдатады.

Біздің пайымдауымызша, қазір күллі әлем қаржыны оңай табу жолына түсіп, дөрекі айтқанда, құдайшылығын ұмытып кетті. АҚШ өкімшілігі әлемдік қаржы реттеу құзыры өзінде болған соң инфляцияны шарықтатуға өз үлесін қосып, трлн-даған долларды айналымға шығарып жіберді. Ешқандай материалдық игілікпен қамтамасыз етілмеген ақша тасқыны әлем нарығын жаулап барады.

Қымбатшылықтан кедей елдер барынша зардап шегуде. Қазақстан кейбір сала қызметкерлерінің жалақысын еселеп өсірді. Олар өкінішке қарай, материалдық игілік өндіруші саланың қызметкерлері емес. Бұл керісінше, басқа сала қызметкерлерінің тұрмыс деңгейін бұрынғыдан да төмендетіп жіберді. Жуырда ғана Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев жалақының өсімі онсыз да жетісіп тұрмаған тұтыну нарығындағы жағдайды ұшықтырып жібергенін ашық айтты.

Экономикада жалақы көтерумен мәселе шешілмейді. Ол өкінішке қарай, халықтың тұрмыс деңгейінде жіктелу үдерісін күшейтті. Бүгінгінің ақиқаты осындай. Мұны жай тілмен айтқанда, капиталистердің бүгінгі ақылды буыны мойындап отырған реттеуге көнбейтін жабайы нарық дейді.

Әртүрлі ойлар мазалайды. Теңгенің тағдыры не болар екен?

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 9-сессиясы 2021 жылғы 13 желтоқсанда сағат 10:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылады.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. 2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы.

2. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстары 2021 жылғы 10 желтоқсанда сағат 10:00-де, тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы сағат 15:00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат

БАСПАЗ – 2022

Құрметті оқырман

2022 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін:
6 айға – 3500 теңге.
Мекемелер үшін:
6 айға – 4500 теңге.





● СЕССИЯ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЙЫНДА ТӨРТ ІРІ ЖОБА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Бейсенбі күні облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезектен тыс 7-сессиясы өтті. Облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов күн тәртібін таныстырғаннан кейін аймақ басшысы депутаттарға арнап сөз сөйледі.

**СЫДЫРЫС ТӘЖІҰЛЫ,
«Сыр бойы»**

Облыс әкімі атап өткендей, осы жылдың 10 айында өңірде бірқатар әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамикаға қол жеткізіліп отыр. Мәселен, өнеркәсіп өндірісі 0,3%-ке, өңдеуші өнеркәсіп өндірісі 12,4%-ке, құрылыс жұмыстары 0,6%-ке, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 4,2%-ке, жеке инвестициялар тарту 13,3%-ке және сауда көлемі 2,1%-ке артқан. Тұрғын үй салу жоспары 644,7 мың шаршы метр болса, 10 айдың қорытындысымен тұрғын үйді пайдалануға берудің болжамды көлемі 527,5 мың шаршы метрді құрап отыр.

Сондай-ақ биыл құрылысын жүргізу жоспарланған 38 әлеуметтік нысанның жетеуі пайдалануға берілген. Жыл соңына дейін 13 нысанның құрылысын аяқтау жоспарланса, қалған 18-і келер жылға өтпелі болады.

Облыс әкімі және саралап өткендей, облыста газдандыру жұмыстары жалғасуда. Жыл басынан бері Теренөзек, Жосалы, Жалағаш кенттері және Шиелі ауданының Бекежанов, Қодаманов елді мекендерінің тұрғындары «көгілдір отынға» қол жеткізді. Ал желтоқсан айында Қазалы қаласы газдандырылатын болады.

— Ауыл шаруашылығында егінді әртараптандыру аясында биыл күрішті 89,5 мың гектардан 83,6 мың гектарға қысқарттық. Дегенмен, су тапшылығына қарамастан өткен жылғы деңгейде — 500 мың тонна өнім алынды, орташа өнімділік 59,8 центнер болды, — деді облыс әкімі.

Шағын және орта бизнесі дамытуда облыстың 2023 жылға дейінгі экономикалық даму Қартасын жүзеге асыру жалғастырылуда. Бүгінгі күні



жалпы құны 9,5 млрд теңгеге 163 жоба (1,5 мың жұмыс орны құрылған) іске қосылды, оның ішінде биыл 74 жоба (2,3 млрд теңге), 426 жұмыс орны құрылды.

Осы ретте атап өтерлік ігілік іс — ішкі нарықты өз өнімдерімізбен толықтыру мақсатында төмендетілген процентпен (2%) несиелеу бағдарламасы іске қосылып, облыстық бюджеттен 400 млн теңге бөлінген. Бүгінде 325 млн теңгеге 13 жоба қаржыландырылды.

Облыс әкімі Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында желтоқсан айында құны 45 млрд теңге болатын, 456 жұмыс орнын құрайтын 4 жобаны іске қосу жоспарланып отырғанын атап өтті. Олар — Қызылорда қаласындағы шыны зауыты, Арал ауданындағы тұз өңдеу цехы, Сырдария ауданында күріш өңдеу цехы және Жаңақорған ауданында керамзит блоктарын шығаратын цех.

Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын негізгі міндеттерді және мемлекеттік бағдарламаларды тиімді жүзеге асыру нәтижесінде өңірде әлеуметтік-экономикалық даму тұрақтылығы сақталып отыр. Бұл ретте аймақ басшысы мәслихат сессиясының қарауына 2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджетті қорытынды нақтылау мәселесі ұсынылып отырғанын айтты.

— Облыстық бюджеттің кіріс көзі 3,1

млрд теңгеге қысқартылуда, сонымен қатар, бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің пайдаланылмаған және үнемделген қаржысы 5,2 млрд теңгені құрап отыр. Осы өзгерістерге сәйкес облыстық бюджетті 2,1 млрд теңгеге нақтылау ұсынылуда, — деді облыс басшысы.

Алғашқы кезекте облыстық және аудандық бюджеттердің жылдық кіріс болжамының орындалмау қаупіне байланысты облыстық бюджеттен барлығы 2,7 млрд теңге қарастырылуда. Сонымен қатар, облыс бюджетінің әлеуметтік бағытын сақтай отырып, білім саласында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс орналастыруға 404,8 млн теңге, мемлекеттік балабақшалардың жан басына шаққандағы қаржыландыру әдіс-тәсілі шенберінде айлық жалақы қоры мен коммуналдық шығындарына қосымша 333,7 млн теңге, атаулы әлеуметтік көмекке 66,2 млн теңге қаралуда.

Тұрғындар алдындағы әлеуметтік міндеттемелерді өтеу шенберінде аз қамтылған көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге 96,3 млн теңге бағытталуда. 2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджетке түзетулер енгізіліп, аймақтағы мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтарының еңбекақысын ұлғайтуға

3,3 млрд теңге көлемінде ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінді.

Сессияның күн тәртібіндегі «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №519 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай хабарлама жасады. Ол түрлі бағдарламалар бойынша қысқартылған және үнемделген қаржы өзгерістерінен кейін облыстық бюджеттің нақтыланған көлемі 441,2 млрд теңге қурағанын жеткізді. Сонымен бірге сессияға дейін өткен тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысында депутат Ібайдулла Тілептің Әйтеке би кентінде Жалантөс баһадүр ескерткішінің айналасын абаттандыруға қаржы бөлу туралы ұсынысы зерттеліп, оған қосымша 3,6 млн теңге қаралғанын мәлімдеді.

Сессияның күн тәртібіндегі келесі мәселе «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағын беру бойынша облыс әкімі аппаратының басшысы Ерлан Райғаниев хабарлама жасады. Ол жеке және заңды тұлғалардан облыс әкімі атына бірнеше азаматқа облыстың құрметті азаматы атағын беру туралы ұсыныс түскенін жеткізді. Бұл атақты беру қағидаларына сәйкес облыс әкімі

жанындағы марапаттау комиссиясы ұсыныстарды зерделеп үш кандидат бойынша қолдау білдіріп отыр. Осыған орай облыс басшысы комиссия ұсынысын ескере отырып аталған кандидаттарды облыстық мәслихат қарауына ұсынуға. Мұнан соң хабарламашы кандидаттарға жеке тоқталып өтті. Олар — қазақ халқының тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы Токтар Әубәкіров, су шаруашылығы саласының майталманы Нариман Қыпшақбаев және ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы.

Облыс әкімі осы орайда аталған үш кандидат бойынша өзінің ойын білдіріп өтті. Токтар Оңғарбайұлының ғарышқа сапар шеккеніне 30 жыл толып отыр. Ол ғарышта медицина, биология және Арал аймағы бойынша зерттеулер жүргізді. 2011 жылы Қызылорда сайлау округі бойынша ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты болып сайланды.

Нариман Қыпшақбайұлы — өмірін су шаруашылығына арнаған азамат. Сырдария өзені бассейні мен жер ресурстарын кешенді пайдалану сызбасын әзірлеп, Арал теңізі бассейнін әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу жұмыстарына белсенді араласты. Ол күні бүгінге дейін Арал мен Сырдария проблемаларын жеткізіп келеді.

Сыр елінің тумасы Мұрат Бақтиярұлы 1998-2003 жылдары облыстық мәслихат депутаты, 2008-2011 жылдары облыс әкімінің орынбасары қызметінде саяси-әлеуметтік мәселелерді шешумен айналысты. Қазіргі кезде Сенаттың әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы ретінде елімізге, соның ішінде облысымызға қатысты келеп мәселелерді көтеріп олардың оңтайлы шешілуіне бар күш-жігерін жұмсап келеді.

— Еліміздің осындай беделді азаматтары құрметті атаққа лайық деп есептеп, сіздердің қарауларыңызға ұсынып отырмыз, — деді облыс әкімі. Ұсынысты халық қалаулылары бірауыздан қолдады.

Сессияның күн тәртібіне шығарылған мәселелер жан-жақты талқыланған, депутаттар өз ойларын білдірді. Сәйкесінше, халық қалаулылары тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, тиісті шешімдер қабылданды.



Азаматтық бастамалардың алтын арқауы

— Бүгінде облыста 994 үкіметтік емес ұйым тіркелген. Олардың 454-і өңірдің рухани, мәдени, әлеуметтік өміріне белсенді қызмет етіп, өз үлестерін қосуда. Жылдан жылға мемлекеттік тапсырыс арқылы YEY-ға қаржылай қолдау көрсету көлемі артып, жұмыс істеуге мүмкіндіктер жасалып отыр. Кейінгі бес жылда облыстық бюджеттен бөлінген қаржы көлемі үш есе артты. Бұл үкіметтік емес ұйымдардың жұмысына оң әсерін тигізіп, олардың көмегімен көптеген мәселелер шешімін тапты, — деді облыс әкімінің орынбасары.

Тәуелсіздіктің 30 жылында Қазақстанда азаматтық белсенділікті дамыту және қолдау мемлекеттік саясаттағы басым міндеттердің бірі болып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында азаматтық мәдениетті дамыту мен жергілікті өзін-өзі басқаруды жаңғырту, ерекше қажеттіліктері бар және өмірлік қиын жағдайда қалған азаматтардың әлеуметтік ахуалын жақсарту, экологиялық мәселелерді шешудің маңыздылығын атап өтті.

Осы және азаматтық қоғамның белсенді өкілдерін толғандыратын басқа да көптеген мәселелер Алматыда өткен «Қоғам мен мемлекеттің тұрақты даму мүддесіндегі әріптестікке 30 жыл» атты Қазақстанның X Азаматтық форумында талқыланды. Шараға қатысушылар азаматтық бастамалардың өсу тұстары туралы айтты. Форумға ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева, ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев, Қазақстанның Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева және басқалар қатысты.

Форумның пленарлық отырысында ауылдағы азаматтық бастамаларды дамыту, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, халықаралық ынтымақтастық, азаматтық қоғам, экология және инклюзия мәселелері қаралды.

Пленарлық отырыстан кейін

Кеше «Достық үйінде» Алматыда өткен «Қоғам мен мемлекеттің тұрақты даму мүддесіндегі әріптестікке 30 жыл» атты Қазақстанның X Азаматтық форумы жалпы отырысының онлайн көрсетілімі өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Балжан Шәменов, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова және облыстық үкіметтік емес ұйымдар альянсына кіретін белсенді YEY жетекшілері қатысты.

YEY сыйлығы салтанатты түрде табыс етілді. Төртінші жыл қатарынан өткізіліп отырған дәстүрлі шара YEY-ны 15 маңызды бағыт бойынша республикалық, салалық және өңірлік деңгейдегі әлеуметтік мәселелерді шешуге қосқан үлесі үшін ынталандыруға бағытталған. Аталған сыйлыққа «Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау» бағыты бойынша Қызылорда облысындағы YEY арасынан «Дометкен» жеке қайырымдылық қоры (жетекшісі Дина Исмаилова) ие болды. Сондай-ақ «Өрлеу-Консалтинг» жастар қоғамдық бірлестігі (жетекшісі Достанбек Жұлан) марапатталды.

Бұл ретте «Таңдау» сыйлығы алғаш рет Қазақстанда әлеуметтік және қоғамдық өмірге, тәуелсіздікті қалыптастыруға және азаматтық қоғам құруға қосқан үлесі үшін 15 номинация бойынша 10 жылдан астам тәжірибесі бар YEY арасында табыс етілді.

Естеріңізге сала кетейік, X Азаматтық форум Нұр-Сұлтан қаласында 22-24 қарашада онлайн режимде басталып, 26 қараша күні Алматыда оффлайн форматта жұмысын аяқтады. Шара аясында 30-дан астам пікірталас алаңы, сарапшылық талқылау ұйымдастырылды. Іс-шаралардың гибриді форматының арқасында форум 20 мыңға жуық адамды қамтыған.

Форумды ұйымдастырушылар — Қазақстанның Азаматтық альянсы мен ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі. Ол қоғамды және демократиялық үдерістерді дамытуға, БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыруға және оларға қол жеткізудегі қоғамның, мемлекет пен бизнестің негізгі міндеттеріне арналды. Бағдарлама кең ауқымды тақырыптарды қамтыды.

Дәстүр бойынша форум азаматтық бастамаларды қолдаудың жүйелі шараларын қабылдауға ықпал етеді. Сондай-ақ стратегиялық және заңнамалық құжаттарды дайындауға көмектеседі.

«СБ» ақпарат



Бағыт пен мақсат айқын

Nur Otan партиясының Сырдария ауданы бойынша сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасында алдағы 5 жылға нақты 89 іс-шара жоспарланған. Биылғы жылға жоспар нәтижелі орындалып келеді.



құжаттама әзірленді. Қазіргі уақытта жоба мемлекеттік сараптамаға ұсынылды.

Сайлауалды бағдарламада көрсетілгендей, ауданға қарасты елді мекендердің электр желілерінің тозығы жетіп тұр. Шаған, Аманкелді, Қоғалыкөл, А.Токмағамбетов ауылдары бойынша 744,2 млн теңгеге жоба ұсынылды. Жаңғырту жұмыстарын Қоғалыкөл мен Аманкелді ауылдарында жүргізу жоспарлануда.

Мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі — халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау. Бұл орайда 1149 жана жұмыс орнын құру жоспарланып, 1885 жана жұмыс орны ашылды. 311 отбасына 67,6 млн теңге әлеуметтік көмек төленді.

Сайлауалды бағдарламадағы негізгі міндеттердің бірі — апатты жағдайдағы мектептерді жою, жаңа білім ошақтарын салу, 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі біліммен қамтуды 100%-ке жеткізу. Ауданда апатты мектеп жоқ, 3-6 жастағы балалар мектепке дейінгі біліммен толық қамтылып отыр. Білім беру ұйымдары түгел интернет желісіне қосылған.

Медициналық қызметтің сапасын арттыру мақсатында облыстық бюджеттен 73 млн теңгеге 45 медициналық құрал-жабдық алынып, жабдықталу көрсеткіші 76%-ке жеткізілді. Азаматтардың бұқаралық спортпен айналысуы үшін ауданда әртүрлі деңгейдегі 130 нысан қызмет көрсетуде.

Жақында Nur Otan партиясы саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Nur Otan партиясы тұрақтылық пен татулыққа, әлеуметтік-экономикалық прагматизмге, орнықты дамуға негізделген және тұтас қоғамның мүддесіне сай келетін саясатты жүргізіп отырғанын атап өтті. Сол арқылы елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуына серпін берілуде. Осы ретте, жетекші партияның негізгі бағыттарын басты мақсат ете отырып нақты жұмыстарды атқара беретін боламыз.

**Мұрат ЕРТЕШЕБАЕВ,
Nur Otan партиясы
Сырдария аудандық филиалының
төрағасы,
аудан әкімі**

ТӘУЕЛСІЗДІК: 2013-2014 жылдар

Еңбек ресурстарының балансын қайта жасақтау кезінде жағдайдың мүлде басқаша екенін көрдік. Біз даярлаған бастауыш сынып мұғалімдері мен мейірибикелер бір емес, екі облысқа жетеді екен. Ал жұмыс берушілер техникалық мамандық иелерін күндіз шааммен іздеп таппайды. Келесі кезекте оларға деген сұраныс бұдан да арта түспек. Өйткені біз металлургиялық кластерді жасақтауға кірістік әрі бірқатар өндірістік нысандар салуды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ, көлік-логистика саласы да дамитын болады», деді облыс әкімі бұл орайда.

Облыста ана мен бала өлімінің артуы — көп жылдардан бері шешімін таппаған мәселе. Туберкулез ауруына шалдыққандар мен өсіп дерттен қайтыс болатындардың көрсеткіші республикада алдыңғы қатарда тұрды. Жағдайдың бұлайша ушығуына талдау жасап, денсаулық саласындағы күрделі мәселелерді шешу үшін арнайы Жол картасы дайындалды.

Бұдан бөлек, 2012 жылы облыс

бала өлімі көп тіркелген аймақтардың қатарында болды. Мұның себептерін зерттей келе, сәбилердің басым бөлігі дүние есігін ашқан бір-алты сағаттың арасында қайтыс болғаны анықталды, яғни, неонатолог мамандардың, арнайы құрал-жабдықтардың қажеттілігі айқын байқалды.

Перинаталды орталыққа әлсіз туылған балаларға қажетті 5 арнайы аппарат алынды. Хирургия саласы күшейтілді.

«Сондай-ақ, біз мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыруды жалғастырамыз. Өкінішке орай, көптеген компаниялар заң бойынша еңбекке жарамды мүгедектерді жұмысқа алуға құлық таныта бермейді. Сондықтан біз осы мәселені ашық айтты, жұмыс берушілер тарапынан оң көзқарас болады деп ойлаймыз», — деді облыс әкімі.

Сол жылғы 12-ақпан күні тұңғыш рет мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған бос орындар жәрмеңкесі өтті. Аймақтағы 43 кәсіпорын мүгедектерге 329 жұмыс орнын ұсынады.

Негізінде осындай жәрмеңкелер тұрақты түрде өткізіліп тұру керек. Бұл тек Қызылорда қаласында ғана емес, аудан орталықтарында да ұйымдастырылуы қажет.

Осы кезеңде әлеуметтік сала қызметкерлерінің алғашқы облыстық форумы өткізілді. Осы салада 20 мыңға жуық адам жұмыс істесе, олардың қамқорлығында 200 мыңдай адам бар. Бұл облыс халқының үштен бір бөлігіне жуық. Әлеуметтік сала қызметкерлерінің қоғамдағы рөлін осыдан аңғаруға болады.

Бір жыл ішінде біздің 1500 ардагер мен көпбалалы аналар демалыс және сауықтыру орындарында ем алып қайтты.

Облыста үш ауысымда оқитын балалар нысан аяғы үшін мектептер сауат қарқыны өсті. Құрылыс қарқыны айтарлықтай дамыды. Облыс орталығының сол жағалауы игерілді. Аймақта балық өңдеу, оны экспорттау дамыды. «Байқоңыр» инвестициялық форумы бірнеше рет өткізіліп, аймаққа көптеген жобалар тартылды.

● БРИФИНГ

Ендігі бағыт — елді мекендерді газдандыру

Жанакорған ауданында 2,3 млрд теңгеге әлеуметтік нысандар құрылысы жүргізілуде. Бұл туралы аудан әкімі Руслан Рүстемов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтты.



ЫСЫНЫҢ Өңірлік коммуникациялар қызметі

Ауданға қарасты Жанаарық елді мекенінде 250 оқушыға, Байкенжеде 150 оқушыға арналған мектеп құрылысының жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге қаржы бөлінген. Сондай-ақ, Бірлік елді мекенінде 90 орындық балабақша құрылысына облыс бюджетінен қаржы қаралған. Нысан алдағы жылы пайдалануға беріледі. Мұнан бөлек, Шалкия кенті мен Өзгент ауылында клуб құрылысы жүрді.

— Жанакорған кентіндегі Саяжай-1 учаскесіне биыл аудандық бюджеттен 29,2 млн теңге қаржы бөлініп, егжей-тегжейлі жоспарлау жұмыстары жасалды. Алдағы жылдың бюджетінен жоба-сметалық құжаттарына қаржы бөлу жоспарлануда. Бұл жоба аяқталғанда ауданда жер кезегінде тұрған 7 мыңға жуық тұрғынның мыңға жуығына жер учаскелері беріледі, — деді Р.Рүстемов.

Аудан әкімі өткен жолғы брифингте кәсіпкерлік мақсаттағы жер учаскелерін жеке меншік және жалдау құқығымен табыстау үшін сауда-саттық жүргізуді автоматтандыру мәселесін көтерген болатын. Қазір жер учаскелерін аукцион арқылы сатудың алгоритмі жасалып біткен. Енді аудан көлемінде кәсіпкерлік мақсаттағы жер учаскелерін аукционмен сату электронды сауда алаңы арқылы өткізіледі.

— Оның басты ерекшелігі — техникалық құрал-жабдықтар арқылы адамның тікелей немесе ішінара қатысуын шектейді. Бұл әкімдік жұмысының ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етеді. Әрі сыбайластық тәуекелдерінің алдын аламыз, — деді аудан әкімі.

Жер саласындағы бұл жаңашылдық облыста алғаш енгізіліп отырғанын айта кеткен жөн. Сондай-ақ, ауданда автомобиль жолдарының сапасын арттыру бойынша ауқымды жұмыс атқарылды. Биыл 60,4 шақырым жолды орташа жөндеуге барлық деңгейдегі бюджеттерден 1,3 млрд теңге қаржы бөлінген. Нәтижесінде қанағаттанарлық деңгейдегі аудандық маңызы бар жолдар 87 процентке, елді

мекендердегі көшелер 51 процентке жететін болады. Ауыл шаруашылығы саласы бойынша агроөнеркәсіп кешенін дамытып, өнім өндіруді және экспорттық әлеуетті артараптандыру бағытында да жұмыстар жасалуда. Өнеркәсіп саласындағы кәсіпорындар 68,4 млрд теңгенің өнімін өндірді. Өндіріс көлемінің азаю себебі — уран өндіру көлемінің 3 жыл қатарынан төмендеуінен. Тас, әктас өндірудің ұлғаюы арқасында көрсеткіш күрт төмендеген жоқ. Өңдеу өнеркәсібінің өнім көлемі өткен он айда 39 млрд теңгені құрады.

Сондай-ақ, Жанакорған кенті алғашқылардың бірі болып «көгілдір отынның» игілігін көрді. Ендігі мәселе — елді мекендерді газдандыру. Биыл аудандағы 12 елді мекенді табиғи газбен қамтамасыз ету үшін жоба-сметалық құжаттарын дайындап, сараптамадан өткізуге 108 млн теңге бөлінген. Бұл бағыттағы жұмыстар биыл басталып, желтоқсан айында Бірлік, Қыраш ауылдарын газдандыру басталмақ.

Қазір 35 елді мекеннің барлығы ауызсумен қамтылған. «Ақбұлақ» бағдарламасынан бастау алып

«Нұрлы жол» бағдарламасымен жалғасын тауып, құрылысы жүргізіліп жатқан «Сырдария» және «Та-лап» топтық су құбырлары арқылы Сырдарияның шығыс беткейіндегі 12 елді мекеннің 19 мың халқын және батыс беткейдегі 15 елді мекеннің 23 мың халқын таза ауызсумен қамту қарастырылған. Жұмыстар жоспар бойынша биыл толық аяқталуы тиіс.

Сонымен қатар, «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасы аясында Жанакорған кентінің тұрғын үйлеріне су құбырын жеткізу, сервистік желі тартуды аяқтауға Ұлттық қордан 214 млн 885 мың теңге бөлініп, бұл жұмыстар да биыл аяқталады деп күтілуде.

«СБ» ақпарат

Биыл Жалағаш ауданының бюджеті 10 млрд 92 млн теңге болып бекітілген еді. Жыл басынан бері қосымша бөлінген нысаналы трансферттер арқылы бұл көрсеткіш 11,3 млрд теңгеге жетіп отыр. Бұл ретте жергілікті салық түсімі 1 млрд 360 млн теңгеге орындалған. Атқарылған өзге де жұмыстар туралы аудан әкімі Асылбек Шәменов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте жан-жақты баяндады.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Жаңашыл жобаларға жол ашық

Есепті мерзімде мемлекеттік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бойынша 2,6 млрд теңгеге 334 жоба қаржыландырылып, 417 адам жұмыспен қамтылған. Биылғы 9 айда 7,3 млрд теңгенің өнеркәсіп өнімі өндіріліп, былтырмен салыстырғанда 82,1 процентке артық орындалған. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі шаруашылықтардың күрші ақтау есебінен 3,3 есеге өсіп, 5,5 млрд теңгенің өнімі өндірілген.


Аудан бойынша 36231 гектар жерге егін егілді. Оның ішінде 19800 гектарына күріш егіліп, әр гектардан 62,3 центнерден өнім алынған. Жалпы есепті мерзімде ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі 18 млрд 519 мың теңгені құрап отыр.

— Егін шаруашылығымен бірге аудан экономикасының негізгі резервінің бірі — мал шаруашылығы да тұрақты дамуда. Атап айтсақ, 106 кәсіпкер мал шаруашылығымен, оның ішінде 88-і «Сыбаға» бағдарламасымен айналысуда. Аудан көлемінде асылтұқымды малдың үлесі 2 процентке, жылқы 0,16, қой 24 процентке өсті, — деді аудан әкімі.

Қазіргі кезде жалағаштықтар толығымен орталықтандырылған ауызсумен қамтамасыз етілген. Аудан көлеміндегі республикалық маңызы бар 50 шақырым, облыстық маңызы бар 91 шақырым автомобиль жолының жағдайы қанағаттанарлық. Аққыр, Жаңадария, Мәдениет, Аққұм, Жаңаталап, Бұқарбай батыр елді мекендерінің электр жүйелері қайта жаңғыртылған.

Биыл Жалағаш кентін газдандыру жұмыстары толық аяқталды. Кенттегі тұрғын үйлердің 48 проценті газ желісіне қосылды.

— Әлеуметтік нысандардан №202 орта мектеп, жабық жүзу бассейні және орталық аурухана газ желісіне қосылды. Бұл жұмыстар ал-



дағы уақытта кезең-кезеңімен атқарылады. Елді мекендерді газдандыру қолға алынды. Биыл Ақсу ауылына «көгілдір отын» жеткізу үшін жоба-сметалық құжаттар әзірлеуге аудандық бюджеттен 9,2 млн теңге қаржы бөлінді, — деп атап өтті А.Шәменов.

Жол картасы аясында Жалағаш кентінде құны 307 млн теңгені құрайтын жабық бассейні салынып, қолданысқа берілді. 19 адам жұмыспен қамтылып, үйірге 100-ге жуық бала қатысып күніне 30 адамға ақылы қызмет көрсетуде.

Ауданда халық саны — 35 267 адам. Оның 14664-і экономикалық белсенді. Жалпы жұмыссыздық деңгейі 5,1 процентті құраса, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі — 4,3 процент. Тоғыз айда 1986 жана жұмыс орны ашылып, жылдық жоспар 147,9 процентке орындалған. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы аясында биылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 1474 адам бағдарламаға қатысушылар құрамына енген. Бағдарламаның бірінші бағыты бойынша 31 адам кәсіптік оқытудан өтіп, жұмыспен қамтылған. Екінші бағыт бойынша 64 адамға 296,9 млн теңге шағын несие берілген. Қосымша 24 жұмыс орны ашылды.

Ауданда білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салалары бойынша да ауқымды жұмыстар атқарылған.

Шиеліде шағын аудандар салында

Шиелі ауданының әкімі Нариман Мақұлбеков өңірлік коммуникациялар қызметінде БАҚ өкілдеріне арнап ауданның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері туралы брифинг өткізді.

Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

Ауданда жыл басынан бері 3297 жана жұмыс орны құрылып, 1466 адам тұрақты жұмысқа орналасқан. Азамат-мәсәзі етілген азаматтарға атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге барлығы 1 млрд 126 млн теңге қаржы қаралған. Сондай-ақ, 1-6 жастағы балалары бар аз қамтылған отбасыларға берілетін кепілдік әлеуметтік топтамаға республикалық бюджеттен 180 млн 400 мың теңге бөлінген.

— Әлеуметтік сала ұдайы назарымызда. Екі мыңнан аса мүмкіндігі шектеулі азамат тіркелген. Оңалтудың барлық түріне қол жеткізуде. Сонымен қатар арнайы әлеуметтік қызметтер, жеке көмекшілердің, ымдау тілі мамандарының және санаторий қызметтерімен қамтылуда. 55 кресло-арба, 102 тифлоқұрал, 27 сурдоқұрал, 259 протезді ортопедиялық құрал жеткізіліп, санаторияға 115 адам жолдама алды. Бірінші топтағы мүмкіндігі шектеулі 179 азаматқа жеке көмекші қызметіне қаржы бөлінді. 122 жалғызбасты қарт пен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға және үйде қызмет көрсетілетін 110 мүмкіндігі шектеулі балаға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілуде, — деді аудан әкімі.

Ауыл шаруашылығы саласы тұрақты дамуда. Жалпы 32 млрд 404 млн теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 101% артқан. Биыл шиелілік диқандалар 30 189,5 гектар жерге егін екті. Дала еңбеккерлері су тапшылығына қарамастан егіннен жақсы өнім алды.

— Ақ күріштің атасы, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жакаевтың ізбасарлары биыл да жоғары өнімге қол жеткізіп, жыл қорытындысымен Шиелі ауданы егін шаруашылығы бойынша облыста «Озат аудан» атанды. Маусымаралық суранысты қамтамасыз ету мақсатында ауданда 6 жылыжай жұмыс істеп тұр. Олардан 12 тонна қияр және 7 тонна қызанақ өндірілді. Мал азығы да жоспарға сай орындалды. Шаруашылықтардың қолдауымен бүгінгі күні Арал ауданына 115 тонна шөп тегін жіберілді. Сондай-ақ 3 мәрте Арал қаласында өткізілген жәрмеңкеге 127 тонна шөп, 17,5 тонна жем апарылып қолжетімді бағада сатылды, — деді ол.

Ауданда тұрғын үй құрылысы да қарқын алған. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында Шиелі кентіндегі «Шұғыла-2», «Шұғыла-3» және «Шығыс-4» шағын аудандарының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы дайындалып, тас жол төселген. Шиелі кенті «Береке» шағын ауданында 3 бөлмелі 25 тұрғын үй салынабақ. Бұған қоса, 18 пәтерлік 4 тұрғын үй, әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларға 20 үй сатып алу үшін республикалық бюджеттен қаржы бөлінген. Ол жыл соңына дейін ал келер жылдың бірінші тоқсанында тағы 72 пәтерлі 4 тұрғын үй ел игілігіне берілімек болады.

Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында аймақтық үйлестіру кеңесінің шешімімен өңірлік картаға жобалық құны 24 млрд 855 млн теңгені құрайтын 3 жоба енген. Жоғары сапалы протестелген жоңышқа өндіру, ауылшаруашылық кешенін құру, құс фермасын кеңейту жобалары қаржыландырылмақ.

Биыл ауданның өнеркәсіп орындары 51 млрд 632 млн теңгенің өнімін өндірді. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі көлемі 27 млрд 997 млн теңгені құраған. Ауданда тіркелген шағын және орта кәсіпкерліктің саны 5 363-ке жетіп, тиісті кезеңмен салыстырғанда 102,8 процентке артты. Жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлердің үлесі 93,3%-ке жетті.

Жыл басынан бері «Еңбек» бағдарламасы аясында кәсіпкерлік негіздеріне «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 377 адам оқуға жолданып, 344 адам сертификат алды. Нәтижесінде 131 адам 76 млн теңге мемлекеттік грант, ал 7 азамат 36 млн теңге несие алды. Шағын және орта бизнесте 9 384 адам жұмыспен қамтылып, өсім 101,6 пайызды құрады. Бүгінгі күні барлық мемлекеттік бағдарламалар бойынша құны 1 млрд 363 млн теңгені құрайтын 493 жоба қаржыландырылып, жанадан 565 адам тұрақты жұмыспен қамтылып отыр.



кентіндегі «Шұғыла-2», «Шұғыла-3» және «Шығыс-4» шағын аудандарының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы дайындалып, тас жол төселген. Шиелі кенті «Береке» шағын ауданында 3 бөлмелі 25 тұрғын үй салынабақ. Бұған қоса, 18 пәтерлік 4 тұрғын үй, әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларға 20 үй сатып алу үшін республикалық бюджеттен қаржы бөлінген. Ол жыл соңына дейін ал келер жылдың бірінші тоқсанында тағы 72 пәтерлі 4 тұрғын үй ел игілігіне берілімек болады.

● ФОРУМ

МӘНГІЛІК ЕЛ ТІРЕГІ



Тәуелсіздіктің 30 жылдығы және 1 желтоқсан — Тұңғыш Президент күніне орай «Ақмешіт» колледжінде оқытушылар мен білім алушылар арасында «Тәуелсіздік — мәңгілік ел тірегі» тақырыбында облыстық форум өтті.

Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Форумды «Ақмешіт» колледжінің директоры К.Ерімбетов ашып, Мемлекет басшысының «Сындарлы қоғамдық диалог — Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында білім саласының алдына біршама жаңа міндеттер қойылғанын, бұл шара сол міндеттерді нақты іске асырудың бір көрінісі екенін айтты.

Облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бері облыстың білім беру саласында көптеген жұмыстар атқарылғанын баяндады. Соның ішінде кәсіптік білім беру бағыты жаңа деңгейге көтерілгеніне тоқталды.

— 1991 жылдары 12 кәсіптік-техникалық лицей қызмет көрсетіп, онда 6000-дай түлек оқыған болса, бүгінде облыстағы 30 колледжде білім алушылар саны

19 768-ге жетті. Ал аталған 30 оқу орнының арасында 11-і жоғары колледж статусын иеленген. Соған сәйкес заманауи құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Кәсіптік білім беруді одан әрі дамыту мақсатында арнайы Жол картасы әзірленіп жатыр. Оның аясында өңірдегі кәсіпорындардың сұранысына сай қажетті мамандар даярлау, дуальді оқытудың тиімділігін арттыру, 2025 жылға дейін білім алушыларды түгелдей жатақханамен қамтамасыз ету сияқты жұмыстар жүзеге асырылады, — дейді А.Қасымова.

Форумда баяндама жасаған ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор, облыстық мәслихат депутаты Қылышбай Бисенов Тәуелсіздік жылдарынан бері білім беру саласында жүргізілген реформаларға сәйкес қазақстандық білім беру жүйесінің құрылымы



ЮНЕСКО ұсынған халықаралық стандарттық білім беру бағдарламасының классификация өлшемдеріне сай келетінін атап өтті.

— XXI ғасыр ақыл-ой, білім-ғылым, инновация мен креативтілік негізінде үнемі өзгеріп отыратын орта қалыптастырды. Ал өзгермелі кеңістікте сапалы білім арқылы осы қасиеттерді азаматтар бойына сіңіру — адам капиталын дамытудың бірден-бір жолы. Тек сапалы білім

ғана өркендеген мемлекеттің, қуатты экономикалық және бауатты қоғамның кепілі бола алады.

Биыл ел Тәуелсіздігіне — 30 жыл. Осы кезең аралығында жеткен жетістіктер орасан зор. Айталық, «Болашақ» халықаралық бағдарламасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері», «Назарбаев университеті» құрылды. Ең бастысы, білім беру саласында қазақстандық жүйе қалыптасты. Соны-

мен қатар, техникалық және кәсіптік білім беретін арнаулы оқу орындары колледж статусын иеленіп, қазіргі таңда бакалавр дәрежесін дайындайтын 10 жоғары колледж жұмыс жасауда. Осы бағытта бәсекеге қабілетті, білікті мамандар дайындалуына мемлекет тарапынан басымдық беріліп отыр.

Қазіргі таңда елімізде білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданған. Болашаққа бағытталған жаңашыл бастамаларды жүзеге асыруда Сыр өңірі ұстаз-ғалымдарының да еңбегі зор, — деді Қ.Бисенов.

Жиынның күн тәртібіне сәйкес Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті тарих кафедрасының, «Қазақстан халқы Ассамблеясы» орталығының меңгерушісі Айтжан Оразбаев, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрлыбек Мынжас, Рухани жаңғыру орталығы басшысының орынбасары, саяси ғылымдар кандидаты Сәулет Сахиев сөз алып, ой-толғаныстарын ортаға салды. Осы тұрғыда жастарды еркіндік пен елжандылыққа шақырды.

«Тәуелсіздік — мәңгілік ел

тірегі» атты форум аясында осы тақырыпты жығға қосқан жазба ақындар мүшәйрасы өтті. Мүшәйраға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Ұ.Жанбершиева бастаған Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері М.Дауылбай, Н.Бердікожа қазылық жасады. Оннан астам үміткер ішінен үздіктер анықталып, арнайы дипломмен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Атап айтқанда, бас жүлдені Қызылорда инженерлік-техникалық колледжінің студенті Нұрбек Жылқыбай, I орынды жоғары медициналық колледж студенті Акерке Нұрғазиева иеленсе, II-III орындарды М.Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледж студенттері Нұргелді Өтепберген және Диас Мұстаханов бөлісті. Сонымен қатар, өңірдегі колледж студенттері өздерінің шығармашылық ізденістерімен Тәуелсіздік ұғымының мазмұнына терең бойлап, ғылыми мақалаларын, баяндамаларын назарға ұсынды. Тақырып талқыланып, жастар арасында өзара пікірталас өрбіді.

Форумды қорытындылау сәтінде шараға белсенді қатысқан жетекшілер мен студенттер лайықты марапаттар иеленді.



● ЫБЫРАЙ ЖАҚАЕВ – 130



ЖАҚАЕВҚА ҚАТЫСТЫ ЖӘДІГЕР-ДЕРЕКТЕР

Ыбырай Жакаевты «Дала академигі» деп алғаш атаған адам – жазушы Сәбит Мұқанов. Себебі, дикан – өзі мұрап, өзі агроном, өзі геолог, өзі күрішші, өзі басшы болған. Сондай-ақ, ол кісі қазақтың тарихын, ескі сөздерін көп білген.

Соғыс жылдарында Отан қорғау қорына 150 мың сом қаржы аударған.

Жакаев жас кезінде дүрмек-думандардағы күреске қатысып, талай мықтының жауырынын жер иіскеткен палуан болған.

1945 жылы күріштің әр гектарынан 156 центнерден, 1946 жылы 160-тан, 1947 жылы 171 центнерден өнім жинап, дүниежүзілік рекорд жасады.

«Күріш – өте нәзік дақыл. Қыз бала сияқты аялауды, тәрбиені, нәзіктікті қалайды. Басына дән байларда ешбір айқай-шуды, дөкірлікті қаламайды. Егер де сол кезеңде келеңсіз құбылыстар болса, дән күрмекке айналып кетеді».

Ыбырай Жакаев күріш дақылы туралы осындай сыр айтқан.

Қасиетті Құранның 66-аятында сипат берілген Қыдыр Пайғамбар – ақыретке дейін тірі жүру мүжизасын иеленген жарылқаушы тұлға. Қыдыр Құдай қалаған адамдардың көзіне көрінген, оларға бақ, береке, несібе дарытқан.

Ыбырай ата жазушы Зәкім Жайлыбайға өзіне Қыдыр атаның жолығып, бата бергенін, сөйтіп көзден ғайып болғанын әңгімелепті.

1950 жылы Ы.Жакаев жасының ұлғайғанына қарамастан күріш өсірушілерге сабақ беретін мектеп ашқан.

Үкіметтің жоғары марапатын алғанда кім қуанбайды? Ал, 1971 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын екінші мәрте алған Ыбырай Жакаев басшыларға: «Бір рет бердіңдер ғой, екінші рет не кереті бар еді, онан да анау атыз кезіп, күріш егіп жүргендерге бермедіңдер ме?», – деп реніш білдіріпті.

Облыстағы 91 Социалистік Еңбек Ерінің 35-і Шиелі ауданынан шыққан, солардың бәрі бұл атаққа даңғайыр диқанның құтты жолымен, ақ батасымен жеткен.

Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, шопан Жазылбек Қуанышбаев пен Ыбырай ата ақыреттік дос болған.

1981 жылы Ы.Жакаев қайтыс болғанда денсаулығының нашарлығына қарамастан Жазылбек ата қазақы салтпен атынан алыстан түсіп, «ойбауырымдап» күллі халықты күніренткен.

Ы.Жакаев туралы көркем шығармалар, деректі фильмдер, «Жакаевшылар маршы», «Жакаевшы жастар әні», «Ақ күріш туралы ән», «Күн аруы – ақ күріш» деп аталатын тамаша әндер туған.



Дала дарабозының дауысы

Анасынан жастай қалған Ыбырай әкесі Жақайдың тәрбиесімен жетіледі. Бала күнінен әкесіне атқосшылық жасап, еркін өскен баласы жөнінде Жақай: «Байқайсындар ма, біздің Ыбырай жүргенде жер дүңкілдеп дыбыс шығарады» дейді екен. Жақай ата да тегін адам болмаған секілді, сол айтқаны келіп, Ыбырай есімі әлемге танылды. Қара кетпенмен елдің тарихына еңбек дастанын жазды. 1938 жылы Қиыр Шығыстан Қазақстанға еріксіз көшірілген корей ұлтының өкілдері Шиелінің «Авангард» және «Гигант» колхоздарына көбірек шоғырланған-ды.

Сб Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Сол кезде күріштен жоғары өнім алу үлгісін ата-басынан бері күріш өсіріп келе жатқан корейлер көрсетеді. Олардың арасынан шыққан Ким Ман Сам деген қарт диқан 1942 жылы 20 гектар күріштің әр гектарынан 160 центнер өнім жинап, рекорд жасайды. Бұл кезде Ыбырай өзіне бекітілген бес гектар алқаптың әр гектарынан 43 центнерден ғана өнім алыпты.

Күріш егудің қыр-сырына қанығып, түреген жүріп ұйықтап, тірнектеп жүріп жинап, намысын қамшылаған диқан 1943 жылы әр гектардан 130 центнерден келтіреді. Ал, 1944 жылы 110-ға, 1945 жылы 156-ға, 1946 жылы 160 центнерге арттырып, Ким Ман Самның төрт жыл бұрынғы көрсеткішін қуып жетеді. 1946 жылы Жакаев пен Кимге сол кезде «Сталиндік сыйлық» аталатын КСРО Мемлекеттік сыйлығы беріледі. Ыбырай Жакаев осы сыйлықтың қаражатын колхозға 5 трактор сатып алуға жұмсайды, Ким өз ауылына клуб соқтырады.

Мұнан әрі Ыбырай ата жерді, тұқымды таңдау мен баптау, суғару әдістерін жетілдіре түседі. 1947 жылы күріштің «Қазақ салысы» аталатын сұрпын егіп, 5 гектар таналптың әр гектарынан 172 центнерден өнім алып, Ким Ман Самды басып озады. Сонан бері осы жаңа әлемдік рекордтан асып түскен ешкім болмапты. Тіпті күріш өсіру тәсіліне қазақтардан бұрын қанық болған корей диқандары да, олардың ең атақтысы Ким Ман Сам да бұл деңгейге көтеріле алмаған.

Сол Ким ақсақал 1956 жылы туған елі Кореяға көшіп кетеді. Қазір ауылындағы өзі соқтырған мәдениет үйі оның атымен аталады.

Әлем чемпионы деген атақ алған спортшылардың сол атағын қайта-қайта қорғап күреске шығатыны бар. Ал, рекорд жа-саушыларға мұндай талап қойылмайды. Рекорд жасадың ба, оны біреу жаңартпаса сол атағың қала береді. Осы қағидалы негізге алғандар Ыбырай атаның көрсеткішіне сенбестік танытыпты. Ал, күріштің әр дәнін сәбиіндей сылап-сипайтын диқан осы рекордтан соң он жыл бойы, яғни, 1948-1957 жылдары 20 гектар алқаптың әр гектарынан 150-170 центнерден өнім жинап, есепшіл жандарды еңбек құдіретіне бас игізеді.

Диқан табысқа жеткен жылдары тұқымды себу алдында күнге қыздырып, көң мен суперфосфат ерітіндісіне бөктіріп, бүршіктендіріп себу, қамыс және күрмек арамшөптерімен күресу, күріш егісіне тыңайтқыш енгізу мөлшері мен мерзімін дұрыс анықтау сияқты агротехникалық шараларды өндіріске енгізеді. Бұл технологиялық әдістер

«Жакаев агротехникасы» деп аталады.

Ы.Жакаевқа Социалистік Еңбек Ері атағы бірінші рет 1949 жылы, екінші рет 1971 жылы диқанның 80 жылдығы қарсаңында берілген. Алайда, бұл оның мерейтойына жасалған тарту емес-ті. Бұл осы кезде бүкіл республикада өріс алған, Одаққа таралған «жакаевшылар қозғалысы» аталатын диқандардың мол өнім үшін жорығының басында тұрып, жас диқандарға ақыл-кеңесші болған қайраткер қарттың белсенді қоғамдық қызметін бағалау болатын.

1963 жылы КПСС Орталық комитетінің Бас хатшысы Н.Хрущевтің «Правда» газетінде мынадай мәлімдемесі жарияланыпты: «Күріш туралы қысқаша айтқым келеді. Жақында мен Қазақ Республи-касының «Қызыл Ту» колхозындағы Ыбырай Жакаевтың звеносы туралы басылым бетінде жарияланған мақаланы оқыдым. Менің бұл кісіні тыңдауыма тура келгені, ол – нағыз шебер. Күріштің әр гектарынан тұрақты түрде 70-90 центнер өнім алуда, мектеп ашып, күрішшілерді оқытып жатыр, қазіргі таңда 100 адам оқытып шығарды. Шәкірттерінің бәрі жас адамдар. Мысалы, колхозшы Заки-ра Ержанова үш жыл бойы күріштен 50 центнер өнім алып келеді. Бұл, әрине, жақсы. Бірақ күріш өсіруші аудандарда осындай мектептер қанша деп Қазақ Республикасының басшылары-нан сұрағым келеді. Өте аз. Күріш өсіруші озаттардың тәжірибесі нашар таратылуда. Сондықтан, Қазақстанның көптеген колхоз-совхозы күріштің әр гектарынан 15-20 центнер ғана өнім алып отырғаны кездейсоқ емес».

Осы мәлімдеме Жакаев тәжірибесін жаппай таратуға сеп болған. Ол былай басталады. 1963 жылы облысқа басшы болып келген Мұстақым Ықсанов жұмысының алғашқы күні-ақ даңғайыр диқанды өзі іздеп барып, күріш егісі саласын қалай дамытуға болатынын ақылда-сады.

Осы ақылдастықтан соң облыста күріш егістігін инженерлік жүйеге келтіру, Сыр-дың сол жағалауынан жаңа алқаптарды игеру, арналар тар-ту, жолдар салу жайы қолға алынады. Тәжірибелі басшы жоспарды жүзеге асыру үшін Одақ, республика тарапынан қомақты қаржының бөлінуіне күш салады. Жаңадан совхоздар ашылады. Шымкенттегі респуб-ликалық күріш ғылыми-зерттеу институты Қызылордаға көшіріледі.

1964 жылы көктемде дала академияның «Жас ұрпаққа сәлемхат» деп аталатын жастарға



арналған жолдауы баспасөзде жарияланып, радиодан беріледі. Осылайша, елін, жерін, ұрпағын сүйген асыл адам халықтық қозғалысқа көшбасшы болады.

Бүкіл облыста жакаевшылар қозғалысы белең алады. Сол жылы Шиелі ауданындағы №50 мектепті бітіруші 25 жас класс жетекшілері Мырзахан Қойлыбайұлымен бірге күріш егуге аттанады. Осы жастардың үлгісімен сол 1964 жылы облыста 74 жас күрішшілер сапына қосылады. Осы қозғалыстың ар-қасында өмірде күріш егісінің көлемі күрт өсіп, 29600 гектарға жетеді. Халықтың ырысы артып, елдің тұрмыс жағдайы көтеріле түседі. Бұл еңбек майданындағы жеңістің алдыңғы шебінде жүр-ген батыр Ыбырайдың арманы болатын.

Құжатқа қатталған есімнен халықтың қойған аты қастерлі. Жиырмасыншы ғасырдың алып адамы, даңғайыр диқан Ыбырай Жакаевтың «Ақ күріштің атасы» атануы, сөз жоқ, халықтың махаббатынан маздаған құрмет.

Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, төрт мәрте «Ленин», үш мәрте «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иесі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты – мұндай марапатқа бөлену кеңес дәуірінде мыңның біріне бұйырған жоқ. Жаңа айтқанымыздай, осының бәрі мемлекет мөрлеп берген атақтар, ал, қарапайым еңбек адамының халық ішіндегі атақ-даңқы тіпті зор болды. Халық Ыбырай атаның тұлғасын әулігеге тенеңді. «Жакаевтың өндірген күріші Жер шарын мекендеген барша халықты бір ай асырауға жетеді» деген сөз ел кезіп жүрді. Халық өзінің қолдаған батырын жеті қабат қорғаннан қарғытады, жаны қалаған жақсысын көкке ұшырады, Ыбырай атаға айтыл-ған дәріптеу де сондай сүйіс-пеншіліктен туған.

Сыр елінің саңлақ перзент-терінің бірі, абыз ақсақал атан-ған тұлға Сейілбек Шаухаманов 1983 жылы Шиелі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болғанда қызмет үстеліне Ыбырай Жакаевтың кішкене бюстің қойыпты. Мұның себебін жарықтық Сәкен: «Мен күн сайын Ыбырай атаның ру-хына сыйынып, атқарылар жұмысымды ақылдастырып отырамын. Бұл – табысқа жетуіміздің басты сыры», – деп түсіндіріпті.

С.Шаухаманов Шиелі ауданы басқарып тұрғанда аудан орталығында дала академияның ескерткішін орнатып, Ы.Жакаев музейін ашқан. Міне, құрмет!

СУЛЫ ЖЕР –

Қызылорда облысында күріш өсірудің қалыптасу дәуірі бес кезеңнен тұрады. Кейінгі жылдары күріш егісінің көлемі 80-85 мың гектар көлемінде тұрақталып, жылына 500 мың тоннаға жуық Сыр салысы өндірілуде.



Қазіргі күні күріш дақылын өндіру, өңдеу, сату кластерлік жүйеде жүріп, аймақтың экономикалық, әлеуметтік, экологиялық жағдайларын тұрақтандырып, экспорттық әлеуетін көтеруші салаға айналып қана қоймай еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қалыптастырушы дақылға айналып отыр. «Ақмаржан» атын иеленген осындай қасиетті дақыл – күріштің аймақта кеңінен таралуына Ы.Жакаев атамыздың еңбегі орасан зор ықпал еткені сөзсіз.

Дегенмен, кейінгі жылдардағы қуаңшылық, трансшекаралық өзгендерлен Қазақстан аумағына түсетін судың азаюы жана шешімдер қабылдап, ауыл шаруашылығын климаттың глобальді өзгерісі жағдайына бейімдеу қажеттілігін көрсетті.

Билығы Сыр өңіріндегі су тапшылығы егіншіліктің тәуекелді тұстарды ашып берді. Су тапшылығы жағдайында егілген жерлер судан қалып немесе кеш бастырылып, өнімділік төмендеп, шаруалар

қып-қызыл шығынға батты. Оның үстіне бүкіл вегетациялық кезеңде бір тамшы жаңбыр жауауы, күннің аптап ыстығы, аймақта қуаңшылық тудырып, табиғи көлдер жүйесін кептіріп, жайылымдық жерлердің шөптерін күйдіріп жаңға да, малға да өте стрестік жағдай туындады. Мал өліп, Арал ауданында төтенше жағдай жарияланды.

Арал теңізінің жойылуы, көлдер жүйесінің құрғауы, Сырдария өзенінен түсетін судың азаюы, «Байқоңыр» космодромының жұмысы климаттық өзгерістердің себептері болып отыр. БҰҰ Бас Ассамблеясының 76-сессиясында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азиядағы су ресурстарын бөлу проблемасын тағы да көтеріп, аймақта су жетіспеу түйкіліні айтып қана қоймай, су сапасының нашарлауы және тиімсіз пайдаланылуы туралы да мәселе көтерді. Осы жиында Орта Азия елдері өз позицияларында тек қана өздерінің елдік мүдделері тұрғыдан келгендігі айқын көрінді.

Қазақстан тарапынан іске асқан күрделі жобалардың нәтижесінде Кіші Арал аталған солтүстік Арал теңізі пайда болды. Әрине, бұл үлкен жеңіс еді. Кейінгі жылдардағы табиғи циклдық өзгерістерге сай Сырдария өзені алқабындағы судың азаюы өзен алабындағы мемлекеттер арасындағы су бөлу проблемасын өткір

Кейінгі жылдары аймақтың ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамуда. Егіншілік, мал шаруашылығы, өңдеу салаларында мемлекеттік қолдаулардың өсуі өз нәтижесін беруде. АӨК саласын 2017-2021 жылдарға дамытудың мемлекеттік бағдарламасында өсімдік шаруашылығы тиімділігін 40%, мал шаруашылығын 58% көтеру, ал, суармалы егіс көлемін 2 млн гектарға жеткізу көзделген.

Күріш шаруашылығын дамыту көкжиегі

Құрама жем шығаруды ұлғайту, ет, балық, сүт өнімдерін молайту және сапасын стандарттарға сай қалыптастыру міндеттері тұр. Осы бағыттарда біздің облыста көптеген мүмкіндіктер бар. Егін шаруашылығы аясында қосымша мал шаруашылығын дамытуды шаруалар тиімді жүзеге асыруда.

Топырақ, климат ерекшеліктеріне және су қорына байланысты көп жылдардан бері күріш аймақтың негізгі дақылы болып қалыптасты. Дегенмен, түрлі деңгейлерде күріш көлемін азайту, орнына суды аз тұтынатын дақылдарды егу туралы ұсыныстар мен ақыл-кеңестер түсіп тұрады.

Әрине, жалпы экономиканы әртараптандыру – бүгінгі нарық талабы. Сондықтан күріш егісі туралы ғылыми тұрғыдан талдау, қажеттілігін негіздеу, қалай тиімді ұйымдастыруға болады деген сұрақтарға жауап беруіміз қажет.

Біріншіден, күріш – әлемде өте кең тараған және азықтық маңызы өте зор дақыл. Біздің облыс үшін де экономикалық, әлеуметтік, экологиялық маңызы ерекше дақыл.

Екіншіден, күріш өнімдері бойынша Қазақстанның ішкі қажеттілігі (153 мың тонна ақ күріш) толық қамтамасыз етілген және 90 мың тоннаға дейін экспорттық әлеуеті бар.

Үшіншіден, осы бағыт бойынша кластерлік жүйе қалыптасқан: ғылыми сүйемдеу – тұқым шаруашылығы – өндіріс – өңдеу – нарыққа шығару (сату) – мемлекеттік қолдау.

Төртіншіден, күріш өндірісі саласының энергоуаттылығы артып, әлемдік көшбасшы компаниялардың заманауи ауылшаруашылық техникаларымен, тұқым тазалағыш линияларымен жабдықталған.

Бесіншіден, минералды тыңайтқыштарды, пестицидтерді

(гербицид, фунгицид, инсектицид) кеңінен қолданып, тұқымды өңдеу өнімділіктің артуына оң әсерін тигізуде.

Алтыншыдан, күріш суару жүйесінде ауыспалы егістіктің сақталуы және мелiorативтік жағдайын жақсарту (каналдар мен КДЖ тазалау, нашарлауына байланысты айналымнан шығып қалған жерлерді қалпына келтіру, ГТС – жөндеу немесе толығынан қайта салу, атыз бетін МАРА-лармен тегістеу) шаралары өнімділікті арттырып қана қоймай, суды тиімді пайдалануға жол ашуда.

Жетіншіден, күріш – аймақ үшін экологиялық маңызы ерекше дақыл. Күрішті 3-4 жыл қайталап егу арқылы топырақтың тұз-су балансын реттеп, ауыспалы егіс құрамында басқа дақылдарды (жоңышқа, жүгері, түйежоңышқа, мақсары, құмай, малазықтық дәнді дақылдар) егіп, мол өнім жинауға қол жеткізіледі. 80-90 мың гектар алқапқа су жайылуына байланысты жердің беткі қабатында микроклимат қалыптасып, ауаның ылғалдығы артып, тіршілікке жайлы жағдай орнайды. Атыздағы күріш пен кәдімгі қамыс секілді өсімдіктер ауадағы оттегін реттеуге үлкен әсерін тигізеді. Қамыстың малазықтық шөп ретінде маңызы зор.

Күріш өндірісі саласында тұқым шаруашылығының маңызы ерекше. Институт сұранысқа ие «Янтарь», «Лидер» және отандық сорттардың бастапқы тұқым шаруашылығын жүргізіп, элиталық тұқымын өндіруді қамтамасыз етуде. Көп жылдардан кейін Петкус Гигант тұқым тазалағыш іске қосу жүзеге асырылды. Жаңа линия ашылып, кіші габаритті петкус, баулық молотилкалар жұмыс істеуінің нәтижесінде тұқым шаруашылығы жақсаруда. Ұрпақты сынау және көбейту пи-

томниктерінде, суперэлиталық егістерде қызыл дәнді түрлер мүлде жойылып, 100% тазалыққа қол жеткізілді. Тұқым кондициясын I класқа сай жеткізу жүзеге асуда.

ПРООН бағдарламасы арқылы фотосепараторды алу көзделіп отыр. «Сыр сұлуы»

сортның I репродукциясында қызыл дәнді түрлер барынша азайған. Ендігі кезекте осындай нәтижеге барлық сорттар бойынша жету қажет.

Қазіргі таңда шешілмей тұрған бір мәселе – қандай репродукциялы тұқым егу. Осыған байланысты «Суперэлита», «Элита», I репродукция, II репродукция тұқымдар қажеттілігі жөнінде нақты есептеулер жүргізуге мүмкіндік туып, субсидиялау мәселелері де ыңғайлы шешімін табар еді.

Біздің ұсыныстарымыз бойынша күріш дақылның ерекшеліктерін ескере отырып, тауарлы өндіріске II репродукциядан шыққан өнімді пайдалану қажет. Тауарлы егіске II көбейтілген тұқымды пайдаланып, оның көлемі 70 мың гектар болса, тұқымдық егістердің көлемі 7,8 мың ал, жалпы күріш егістігінің көлемі 77,8 мың гектарды құрауы тиіс. Осы есептеу арқылы кез келген көлемдегі күріш егісінің құрамын анықтауға болады. Тағы бір мәселе, шетелден әкелінетін тұқымдарды субсидиялауды шектеу және нормаларын азайту арқылы отандық өндірісті қолдау қажет. Қазіргі таңда роаялты төлеу мәселесі үлкен масштабта өрбісе, оның егіншілік саласының қаржылық жағдайына айтарлықтай зиян келтіруі және бәсекеге қабілеттілік төмендеп саланың дамуы тежеледі.

Институтта кейінгі шығарылған «Сыр сұлуы», «Айгерім» сорттары мен БР-4-1-18, БР-4-1-18, V-20-48, БР-4-1-11-1, СПЕ(L)-36-2, А-8-11-1-1 линиялары бүгінгі нарық сұранысына лайық ұзын дәнділігі, жармасының жоғары мөлдірлігі, (95-99%), жоғары өнімділігі (80-85 ц/га) және жергілікті жағдайға жоғары бейімділігімен ерекшеленеді. Қазіргі таңда бұл

линиялар мемлекеттік сорт сынақта немесе берілуге дайындалуда. Жедел түрде алғашқы тұқымын көбейту жұмыстары жүргізілуде.

Сорттар санының өте көп болуы және бақылаусыз аймаққа енуі келешекте осы саланың бәсекеге қабілетін төмендетіп, нарықтық, қаржылық және экологиялық проблемалар туындатуы әбден мүмкін.

Су және басқа да ресурстарды үнемдеу технологиялары зерттелуде. Тұқым шаруашылығы, оның ішінде бастапқы тұқым шаруашылығында су және ресурс үнемдегіш күрішті жалға егіп өсіру, тұқымды өндіріп егу, сол секілді гидропоника тәсілімен көшет өсіріп, көшеттеп егу әдістері әзірленіп, зерттелуде.

Селекция бағытында тұздылыққа және қуаншылыққа төзімді сорттар шығару үшін Ресей және Курчатова қаласындағы ядролық зерттеулер орталықтарының ғалымдарымен бірлескен жобалар бойынша радиациялық мутагенез әдісі қолданылып зерттелуде.

Атыз бетінің тегістігін (МАРА-дан кейін) бұзбау және операцияларды минимизациялау үшін КРН-4 культиваторына негізделген топырақ өңдеу технологиясы, суды үнемдеу бағытындағы зерттеулер және тамшылатып суаруды көкөніс-бақша өнімдерін өсіруде қолдану секілді әртүрлі бағыттағы зерттеулер, биокомпост және биочар секілді күріш қалдықтарынан экологиялық таза тыңайтқыштар алынып, өндіріске енгізу зерттеу жұмыстары жүргізілуде. «Дала күндерін», семинарлар өткізу, БАҚ құралдары арқылы насихаттау, шаруашылықтармен байланыста болу, кеңестер беру секілді жұмыстар үздіксіз атқарылып келеді.

Тауарлы материалдық заттардың құнының жылдан-жылға өсуі (минералды тыңайтқыштар, пестицидтер, жанар-жағармайлар, техникалар, т.б.) күріш өндірісінің бәсекеге қабілетін азайтуда. Сондықтан, жасалып жатқан мемлекеттік қолдаулар дер кезінде және өте дұрыс деп есептеймін.

Қ. МУБАРАКОВ,
«Ы.Жақаев атындағы
Қазақ күріш
шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС
басқарма төрағасы



Күміс тер сіңген тақия

Ұлттық музейдің қорында екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, күріш өсіруден әлемдік рекорд жасаған текті тұлға Ыбырай Жақаевтың тері сіңген тақиясы сақталған.

Ыбырай атамыздың есімін бала күнімізден жатқа білеміз. Ол туралы кезінде көп дүниелер жазылды. Маған ол кісі ертегінің кейіпкерлері секілді елестейтін. Сондықтан ба, атамыздың көзіндей көрінген тақияға ұзақ қарадым.

Құнды жәдігерді мұражайға, 2015 жылы Қызылорда қаласында өткен Ұлттық музейге сый тарту шарасы аясында, даңқты ердің баласы Сейітбек пен немересі Аяғөз тапсырған. Олар тақиямен бірге атамыздың серігі болған кетпеннің басы мен орағын да өткізеді.

Бүгінде күріштің атасы саналған Жақаевты аға буын жетік білгенімен, кейінгі жас құрақтай желкілдеп өскен жеткіншектер біле бермейді. Бұрынғыдай еңбек көргін қыздырған адам да көп дәріптелмейді. Сондықтан халқымыздың алып перзентінің өмірінен бір үзік сыр тарқатып өтсек дейміз.

Атамыздың даңқы күріш өсірумен дүркіреді. 1947 жылы өзіне бекітіліп берілген тәжірибе учаскесіне егін егіп, дүниежүзілік рекорд жасады. 1949 жылы осы еңбегі жоғары бағаланып, Социалистік Еңбек Ері атағын алды.

Ыбырай Жақаев республикада алғаш болып күріш егісін жоңышқа атызына орналастырды. Оның ашқан жаңалығы өндіріске енгізілді. Бұл әдіс «Жақаев агротехникасы» деп аталды. Елімізде күріш атасының соңынан мыңдаған ізбасарлары ерді. 1971 жылы атамыз екінші мәрте Социалистік Еңбек Ері атанды.

Қазыналы қария имандылық қасиетінен ешқашан таймаған. Оны сол кезде мемлекет басқарған Дінмұхамед Қонаев та ерекше қадірлеген. Еңбектің нағыз майталманы болған қарт ұзақ ғұмыр кешіп, 1981 жылы ағайын-туысының ортасында дүниеден озды.

Қазіргі күні өзі туған ауыл, орта мектеп, Қызылорда қаласындағы көше Жақаев есімімен аталды. Еңселі ескерткіш орнатылған.

Осы ойдың бәрі атамыздан елордадағы бас музейде тұрған тері сіңген тақиясынан өрбіді.

Азамат ЕСЕНЖОЛ,
журналист



ЫБЫРАЙ АТАНЫҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ

Қатты жерге қақ тұрар, қайратты ерге бақ тұрар.

Адам – тастан берік, гүлден нәзік.

Ат қартайса, есекпен достасады, Адам қартайса, төсекпен достасады.

Еріншек егіншіден елгезек масақшы озады.

Малға жарлылық – жарлылық, Ақылға жарлылық – сорлылық.

Бірінші би – халық, екінші би – тарих.

Көз – нұрдың ұясы, көңіл – сырдың ұясы.

Еңбектің көзін тапқан – байлықтың өзін табады.

Адамның өзін еңбектен қалдырмағаны, қарттыққа аяғын алдырмағаны.

Қан туыспай, жан туыспайды.

Күріш дегенше, ырыс десейші.

Әр күніңді ардақта, әр мезетіңнің құнын біл!

Өлім ақылы толмаған баланы да аямайды, Ақылы асқан дананы да аямайды.

НУЛЫ ЖЕР

туындатып отыр. Осы бөлісте Қазақстан өз үлесін толық және уақытылы ала алмай жүргені де жасырын емес. Сондықтан су саясатын халықаралық тәжірибелерді, ортақ өзен суын пайдаланудың әлемдік тәжірибелерін ескеріп, ұзақ жылдар бойы қалыптасқан достық көршілес, қарым-қатынастарды қолдану арқылы жүргізіп, тиісті су лимитін уақытылы алуға қол жеткізу – аса маңызды мәселе.

Бүгінгі күні қолжетімді мәліметтерге сүйенсек, Сырдария өзенінің алабында Өзбекстан Республикасы 3,3 млн гектардан аса суармалы егіншілікті дамытса, Қазақстан үлесіне (Түркістан, Қызылорда облыстары) бар болғаны 0,4 млн гектарға жуық суармалы егістік келеді. Осындай жағдайда біз су жетіспеуді ішкі мәселе қылмай, Сырдария өзенінің су қорын дұрыс бөлуге күш салуымыз керек. Ол үшін су саясаты бойынша Үкімет тарапынан мемлекеттік көпжылғы стратегиялық жоспар жасалып, оның жүзеге асуы мемлекетаралық деңгейде қамтамасыз етілуі тиіс.

Бүгінгі күні егіншілікті айтағанда, қыруар қаржы жұмсалып, Елбасы Н.Назарбаевтың табынды іс-әрекеттерінің нәтижесінде дүниеге келген Солтүстік Арал теңізі үлкен Аралдың тағдырын қимесіне кім кепілдік береді? Сырдария суы балансын жасауда да үлкен проблемалар бар. Сонау кеңестік кезеңде салынған

Өзбекстандағы «Чиназ» бен біздің «Көк-бұлақ» гидропостылары әбден тозығы жеткен. Заманауи автоматтандырылған су өлшегіш қондырғылармен жабдықталмаған, ескі әдіспен жүргізіледі. Сондықтан алынған көрсеткіштердің нақты жағдайды білдірмейтіні де анық.

Келесі бір мәселе – Қазақстан тарапынан «Шардара» су қоймасынан бастап Арал теңізіне дейінгі аралықта су пайдаланудың сызықтық схемасы жасалып, су пайдаланушылардың барлығы көрсетілген. Осы схема арқылы ішкіаралық су балансы жасалып, су ресурстарын пайдаланудың нақты жағдайын көруге болады. Ал, Байқоңыр қаласы, космодромның Сырдария өзенінен алатын су көлемі баланстық есепте жоқ немесе қолжетімді емес. Ракеталар ұшқанда «Қармақшы» гидропостысынан кейін су деңгейінің күрт төмен түсіп кететінін аймақ мамандары айтып жүр. Өңірдегі ауа райының қалыптасуына, Арал теңізінің кеуіп кетуіне, қоршаған ортаның экологиясына, топырақ ылғалының жоғалуы, қуаншылықтың туындауына космодромның әсері мол екенін көзі ашық оқырман жақсы түсінеді. Сондықтан Сырдариядан Қазақстанға бөлінетін су лимитін алу, вегетациялық кезеңдерде пайдалану, экологиялық су көлемдерін жіберу, өзен суын пайдалану, басқару секілді күрделі процестерге Ресей мемлекетінің (су саясатын жүргізуде)

ықпалын пайдалану мәселесін жоғары деңгейде қою кезеңі келді. Жасқаншақтық болмайды, себебі, Әмудария, Сырдария суларын пайдалану саясатында Арал абатының болатыны белгілі еді. Жалпы, сол кезеңде «құмның ортасындағы үлкен су буландырғыштың (Арал теңізі) қажеті жоқ, оның орнына мақта, күріш плантацияларынан тұратын «жасыл оазис» жасалымыз» деген озбыр саясаттың болғаны да жасырын емес.

Кейінгі жылдары қазақстандық Арал өңірінде қалыптасқан экологиялық-мелиоративтік жағдай күрішке байланысты болып отыр деген ой-пікір қалыптасып, хабары бары да, жоғы да мәселенің байыбына бармай күріштің егіс көлемін қысқарту немесе мүлде екеуі жөнінде ұсыныстар айтуға. Шын мәнісінде солай ма? Жоғарыда атап өткендей, Сыр бойында бар-жоғы 150-160 мың гектар шамасында егіс егіліп жүр. Оның 70-80 мың гектарын күріш құраса, жоңышқа 40-80 мың гектарға егілуде, қалған 30-35 мың гектар әртараптандыру, көкөніс-бақша, картоп секілді дақылдардың еншісінде.

Көпжылғы қалыптасқан тәжірибеге байланысты жоңышқа ерте көктемде бір рет ғана суарылады, ал, қалған кезеңдерде күріш ауыспалы егістігінде болғандықтан, соның ылғалымен өсіп-өнеді. Демек, күріштің суару нормасында жоңышқа отыр деген сөз.

Екіншіден, күріш суару жүйесі түгелдей күріштің су тұтыну мөлшеріне есептелгендіктен, басқа суды аз тұтынатын дақылдарды ескенде де каналға сондай су берілуі керек. Сондықтан бұл жерде суды үнемдейміз бе, әлде жоғалтамыз ба, үлкен сұрақ. Иә, күріш көлемін Қазақ күріш ҒЗИ ғалымдары ғылыми негіздеп ұсынған 70-75 мың гектардан асырмай, босаған жерлерге әртараптандыру дақылдарын егу арқылы егістік жерлердің мелиоративтік жағдайын сақтап, су ресурстарын тиімді пайдалануға, аймақтың ауыл шаруашылығы мен экономикасының сұранысын өтеуге мүмкіншілік туады.

ПУИД-2 (иригациялық-дрендік жүйені жетілдіру) бағдарламасы 15 мың гектар жерде жүргізілуде. Ірі шаруашылықтар тарапынан су-жер ресурстарын тиімді пайдалану бағытында қарқынды жұмыстар іске асырылып отыр. Мелиоративтік (экскаватор, лазерлік жер тегістегіштер) техникалар алып, атыз беттерін тегістеу, коллекторлы-дрендік суару жүйелерін тазалау, гидротехникалық құрылымдарды жөндеу соңғы үлгідегі комбайн-трактор паркін (Джон Дир, МакДон, Клаас, т.б.) құрып, күрішті егу, суға бастыру, күтіп-баптау, жинау процестерін қысқа мерзімде сапалы орындау нәтижесінде жоғары өнім жинап, бір бірлікке жұмсалатын су көлемін барынша азайтуда.

Әлемдік тәжірибеде өзен алабының

төменгі ағысындағы маргиналды жерлерді күріш дақылын егу арқылы игеру мол кездеседі. Алпысыншы жылдары жүргізілген кешенді ғылыми-далалық, жобасыз зерттеулер нәтижесінде Сырдың төменгі ағысындағы жерлерді игеруді күріш егу арқылы жүргізу шешімі қабылданып, қысқа мерзімде орасан зор гидротехникалық-мелиоративтік құрылыс жұмыстары жүргізіліп, аймақтың бүгінгі келбеті қалыптасты.

Күріш егу арқылы 2-3 жылға басқа дақылдарды еуге қолайлы су-тұз балансы қалыптасып, өнім жиналады. Күріш егілмеген жағдайда екінші қайтара тұздану қарқынды жүріп, 1-2 жылда ондай жерлер айналымнан шығып қалады. Күріш егілмесе, құрғақта екінші Арал апаты орын алуы әбден мүмкін.

Қорыта келе айтарым, қазақстандық Арал маңы аймағының өмір сүруі суармалы егіншілікке тікелей тәуелді. Егіншілікті жоғары деңгейде жүргізудің мемлекеттік, кадрлық, материалды-техникалық, әлеуметтік, ғылыми-практикалық, ресурстық, нарықтық, экологиялық негіздемесі толық қалыптасқан.

С.ӨМІРЗАҚОВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті профессоры, ҚР АШҒА академігі, инженер-гидротехник,
«Ауыл» ХДПП облыс бойынша төрағасы



Кітап «Нұрлы әлем» баспасынан жарық көрген. Құрастырғандар – Сейдахмет Құттықадам мен Жанат Жұматқымыз. Редакция алқасына топтасқан танымал жиырма тұлғаның қаржылай, рухани белкөтермесіне бәрекелді дейсің. Салмақты дүние екендігін алдымен алакан сезінді. Сусылдағып паракстауға көмбеді. Сахарадағы аруана табанын күн күйдірген көш-көруендей ауыр жылжисың.

Сұман сұрақты сұхбаттар шалғынын баудай түсірген шабыт шалғысының имек ұшынан от шашқан қуат білектен емес, тілден күш алады. Үшбу хаттар терезе түбіне қонақтаған қағылез құстардай дұбысы өзіне ғана жеткенін мәз тұтатындай әсер қалдырады. Сыр ашар арнау сөздер жалғыз кілтті құлып секілді, ашылуынан жабылуы жылдам. Кең тынысты толғаулар ғана шын шебердің сыры мен шеріне қаңқытырады. Бірде асау өзен ағысындай, бірде сарқырама селіндей өлі ірімі бұрмақұлақ жасап, жан сақтауына мұрша бермей малтықтырып жетеді...

Кітапты құрастырушылардың алғысөзінен әрі қарай өрілетін мазмұндық жүйе «Отбасы», «Еуропалықтар былай дейді», «Ресейліктер не дейді?», «Ордалы ойды отандастар айтады», «Өбениң сөзі» деп аталатын бөлімдерден тұрады. Мән дана кімге жетеді, кімнің қолына түседі? Секемшіл суреткердің халық ықыласына ығыланып, кейінгілердің өз туралы сөз нәрінен сусындау қолқасын аяқтасты етеуі – көптен күткен мүмкіндік.

Бүгін себеп табылса, ертең апыр-топыр той-томалақ жасайтын әсіреқызыл әдетке аға буын құштар емес. Соңың ішінде Әбдіжәміл ағанын бала кезің ауыл үзбегің, майдандағы ботқаны, жұлып ошапты пір тұтқан көзқарасы мұндай қолдан жасалған алуайын қошеметті қабылдамайды. Көзі тірісінде туған өлкесінде Беларусь шынына тұғырғас орнатуы – сол дабыраданғазадан аулақ, рухани тыныштықты аңсағандықтан.

Жинақтың құмарнамалық сипаты оқырман қауымды біраз оқшау дерекке қанықтырады. Башқұрт әдебиетінің алғашқы Мұстай Кәрім бұрын-соңды айтыла бермеген өмір сүретін алға тосады. Осыдан кесектен жеті жыл бұрынғы қазан айының екінші онкүндігі. Атырап ақ көрпе орғанан. Аралдың «Шұқа» мүйісіндегі қоңыр үйлі «Шұқон» ауылы. Көселері өрістен қайтпай қалған өгізше бүгін қасқыр талаған күйі жан-жоса болса да, егесінің босағасына жетуге өрлерменде ұмтылып келеді. Қар бетінде жіңішке қызыл жақпа тастап барды. Ақторға маңдайын соға-моға өкүре қулады.

Осы сәтте бәкене тамнын қасы қабырғасын қажар дүние есігін ашқан нәресте шырыланып құлақ тұнды. Әлдінің әлсізге асыз салуы ана толғағымен қатарласа қоюынан әлдеқайда піл алған әулет әжесі Перизат қаралай жүйзеліп, теңселіп кетті. «Қарағмының жаны тез жараланып қалса неге игі еді?!!» деп қорқасқанда.

Мұстай аға замандасты Әбдіжәмілдің терен әңгіме айтығанда, қат торлаған жүзіне тесіле отырып, башқұрттың көне жырлардағы үндес жолдарды іштей бекерге ғындалмаған шығар.

– Мен розаны үзгенде, Қыпшаң жерінен қан тамар! Бұл не? Күрестен көз аспаған ұрпақтың наласы ма, әлде талаптар талпында маңдай кіржірет әділетсіздік пен қысықстың қылаң беруі табиғи шарттылық па?! Қалай дегенде, таусылмас рухани арпалыстың жөні болса...

Жазушыға екі бірдей қарауылдан тасалауға шү мүмкіндік жоқ. Ар қарауылы алдамгершілігінді бақыласа, қалам қарауылы ой өрінігін сөзбен қыруаула қоз алдауға жол бермейді. Шығармашылық мәресіне осы айыбын өтемей беттей алмайсың. Әбдіжәміл ағаның басыла терулі тұрған «Қан мен терді» қайтып алып, жыл бойы қалам қамшысын үйіріп, қарадүрсін, қосметкегі сөз орамдарын түре қуғаны оңай шаруа болып па?!

Нүрпейісовтің бейнесторлығы азаптан ғажап шығаратын шығармашылық лоззатқа ұштасып қана тыным табады. Оның қай туындысында болмасын меңімүрделілік ерекшелік адам демі, табиғат демі, заман демі, сөз демімен біте қайнасқан өмір мен түйсік суреттерінен қол бұлдайды. Суыған шай маңдай жіпестейтіні, ірмшлік-құртқыс тіл дәмі кірмеітінді, қазы-қарта, өркешті қазан ісі тібет оятпайтыны тәртізді қазақ ұстаным атт жазушысының шығармашылық эволюциясы айналғанда ғана өзгелердің өзүеруі сап тыйылды. Танымалдық осы арнадан бастау алады.

Біздің бұл оқырмандық әсерімізді грузиялық қаламдасы Т. Мамаладзе қуаттайды. Ол Әбдіжәмілдің уақытты ұстау, кейіпкер тағдырына халықтық сипат беру, стильге ұсталғына, өзі бейнелейтін өңірді өте жақсы білетініне ерекше тәнті. Түбі бір тілөкіміз Шыңғыс Айтматов: «Татымды прозасына баяғыдан ғашықпын. Оған көп үйрендім» деп хоп көргенін риясыз паш етеді.

«Түсі игіден түңілме» дегендейін, тегі мықтының осал болуға қақысы да жоқ. Алғысөздерді өмірбаяндық сілтемелен деп үркетіндей. Жетпінің атасы тарихта орныққан Тайқожа батыр болса, одан тараған Арғынбай би, Сламбай бай, Нүрпейіс болыс тізбегі айдай әлемді аузына қаратқан Әбдіжәміл ағаның машұрлігімен қалай әлемі ұштасады?!

Солай болғанда тылсым өмірі жатқандай. Әкесі Қарім балық та, аң-құс та аулаған, ауылдағы әкім-қаралардың бірі еді. Ол бауырлары Нәжім, Қалимен бірге соғысқа аттанғанда, мына шеттен сұранып сапарға Әбдіжәміл де қамтылды. Үш боздақ оққа ұшты. Аман қалғаны – Әбдіжәміл. Анау арғы бабалардан берменгі қандағы қасиет жинақталып, бір басына шоғырланғанын Әбе аға сезінебейді дейсіз бе? Тектілік тұнбасы оған ақыл дариясынан сөз жақұтын тынбай теруді нәсіп еттіті.

Жинақтың оңбейынан жазушы табиғаты қылаң береді. Фотолар сұрыптауының өзі нанымдылық пен қарапайымдылығын нышанын алға тартады. Хат мөліңдеріндей шымыбайға батар сөздер де шынайылық шырағын

Өріден ойлайтын атам қазақ қалай тауып айтқан?! «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» деген қанатты қағида ұлыны да, бұланы да тырп еткізбей уақыт уәжімен тосылдырады. Ауыздан шықты не, қағазға түсті не, тыңдаушы мен оқырманның тұтынуына түскесін, шындық шылбырын бас асаулықпен жер ойғылап қаншама мөңкісен де, үзе алмайсың. Тізгің басқалда, амал жоқ, қақпайлауға көнуге тура келеді. Сөйткендейін, жоқ жерден жайшылықта қалам ұшын туралап та, жанамалап та жолат амайтын атақты жазушы Әбдіжәміл Нүрпейісов ағамыз туралы толғаныс толқынында қол-аяқты тырбайтатын құлаш ұрудың сәті түсті. Алыстағы жиеніне қолтаңбасын қондырған «Әбе» атты эсселер жинағы әлдеқалай қолыма іліккенін айтсайшы!

жағады. Жақсыатты көрінуді жақтырмайтын қаламгер өзі туралы шекені шың еткізер тура пікірлерді тіпті де көлегейлемейді.

Жазушының жеке архивінде әкесі Көрімнің майдан даласынан жолдаған қызыл жалау мен қызыл жұлдыз айнышталған үшкіл хаттары бойтұмардай сақтаулы. Біз тоқталып отырған жинақтағы жәдігер қолтаңба әке бейнесіндегі көзге оттай басылады. 1944 жылдың 15 наурызында жолдаған хатында жар дегенде жалғызы Әбдіжәмілді ынтыға шексіз сую ұшқыны алаулайды. «Сенің жанына жамандық

Еуропалықтар хаты елжіреп тегілмейді. Нақпа-нақ, тақ-тұқ сөз орамдарынан сезім сөлін күту қиын. Франциядан хабарласқан Ги Дарбуа «Күйреумен» танысқан соң, алғашқы екі томды оқуға ынтызар екенін айтады. Бүкіністік дүкендерден таба алмағанын, мүмкін болса бірнеше аптаға оқи тұруға «Ымырт» пен «Сергеленді» жіберуін өтініп, қолқа салады. Германиядағы таныс-біліс Леонгарт Кошут «Соңғы парыздың» ешкім сілкілей алмайтын тамаша шығарма болатынына көміл сенім артады. Французлық Лили

Суреткер серпін семсергей

бермесін деп тілеймін» деп бораған оқ арасында қан майданның екінші бір пұшағында қар жамылып, мұз жастанған ұлына үзігіе тіл қатады. Арала 36 күн өткенде, 1944 жылдың 21 сәуірінде артиллерист Көрм Нүрпейісов Тернополь түбінде ерлікпен қаза табады. Әлгі соңғы хат Әбдіжәміл ағаның қолына қай жерде, қандай жағдайда, қашан табысталғаны өзіне ғана аян.

«Әбе» жинағына 12 хат енген. Сәбит Мукановтың бір хаты қолмен жазылған, екіншісі машинкаға басылған. 1959 жылы Литвада жатып Әбдіжәмілге реніш білдіреді. «Бақытжан ұстап жүрген сары ала қамшымен өлердей соғам» деп өзімсінеді. «Ғабитке ауыр сөз айттың. Дурыстың бәрі жақсы бола бермейді». 1963 жылы Алматыдан жолдаған хатында «Социалистік Қазақстандағы» өзіне қатысты сын мақалаға тулап жүргенін ескертеді. «Құрляндиядан» басталған қамқорлығыңа да еске салады. «Енесі текпен құлының еті ауырмас» деген ақылға да ойысады. Жазып жатқан «Мөңдір махаббат» романына ықыласы кеткенін «Итақтың Жүсібі деген шебердің өзі тіккен етігіне сүйсінгендей, менің де қымбат дүниемнің бірі осы шығарма болар», – деп ақтарылады.

Қабырғаны қақыратып секпейді. Кетерінен гөрі іш тартуы басым. Әдебиетті талас қай кезде де көркемдік үшін тіл қыздырған ғой. Хат тілінде де өз табиғаты бар. Бұл жағынан келгенде Сәбит Муканов сынды дарабоздың қаламы жорға жүрісінен жаңылмай, тайпалтпады да отырады. Хаттың жолжазба күнделік сипаты тартымды. Көңбесе де келісіп іздейтіндей.

Ал, Әбдіжәміл Нүрпейісовтің мерзімі көрсетілмеген жауап хатында сұмықты қалам береді. «Социалистік Қазақстанда» жарияланған Сәбениң сын материалында Әбдіжәміл шығармашылығын гөрі, «дандайсып кетті, пікір тыңдамайды» деген сарындағы жеке басына шүйлігу оны ашыңдырады. Кейінгі он-он бес жылдағы іріп-кішілі бірде-бір шығармасын қатал қазы көңілімен талдаймай жүріп, тіл табынына салып, таптап кетпек болғанына қатты қынжылыс білдіреді. «Әділ болу – аяу емес» деген төте көзқарасын да нықтай кетеді. Түргенетінін «Өз бойындағы өнерін шын сүйетін, көрпінке амалсыз мойынұсына бастаған әрбір үлкен жазушы ертеңгі күнгі өзінің орнын басатын мұрагерін тапса, қандай қуана еді!» деген пікірі оң қаламгердің қазақ әдебиетіндегі дүркірей шыққан талантты жас шоғырды көзге ілмеуіне наз айтпады.

Бұлай сөйлеуінің жаны бар. Жазушы жауапкершілігіне келгенде, Нүрпейісовтің шоктығы биік. Азықта толы абырой қай шығармасына да тән. Өуелідегі еггенді «Құрляндия» кейін араға бірталай жыл салып үштен біріне жұқарып, барынша өңделіп «Құткен күн» деген атпен оқырманның жаңа толқынымен қауымшты.

«Қан мен тер» Әбдіжәмілді қаттырақ қамшылады. Студенттік ортаның әдеби бірлестігі отырысында да осы туындыжөнінде қызу талқылау болады. Әбіш Кекілбаев жасаған баяндама кеудел отырып, шұрайлы шығарманың шаптырын солқылдақандай дауылды пікірлерді жосылтады. Әсілі, шығармада құндылық болғаннан кейін тартыс туындылай.

Сонда Әбекең миығынан күліп: «Көне күннің бітпейді жабылдыңдар ғой» деп сүйсіне қызартады. Әбіштің баяндамасы ас уақытқа сұрап алып, оннан астам ескертпеінің астын сызып мақұл көреді. Сәбене хатта осы жағдайдың астары ашылады. «Маған олар әлі тым адал, тын аңқау болғандықтан ойына келгенін бет-жүзіне қарай ашық айтып салатын» дей келіп ілілерінің жанашыр пікірін аяққа жармасу деп қабылдамай, өзганды шалғандан тартып, төмендегіні төбелен нұқпа қою, бетіне бір жанды қаратпау тәртізді жарамсыз мінез ағаның даналығына керерер екенін өткірлейді.

Әдебиетке де, қоғамға да «Біз жағасак!» деп жалаулатып, алаулатып келген Зейнолла Қабдолов хаты Өуезовпен қимай қотпаста сөтіне қанықтырады. «Өзің жоқта Мұханның айырлық, жетім қалдық. Өзіміз Мұханды Мәскеуге шығарып салған аэропортта ардагерімиздің орнына тартып қабылдадық. Естен тандық, зар жыладық, бірақ сенбедік. Ұйықдағы ұлы жан шаққалда, қабірге түсіп бара жатты...» деп егіледі.

«Шіркін!» дейсін осындайда, Зейнолла аға айтқандайын, жақыны мен досынан, құрметтісі мен қимасынан айырылған әрбір пенде «көңілдің жайлауынан ел көкшедей» болатынын тірлікте ескере бермей, қаза қасына келгенде барып аң ұрып дағдаратымыз неілеткен? Бүгін бар, ертең жоқ өмірде ұрысқаныңан гөрі ұтысқан, ғайбат отына күймей, сүріндірмей, сүйкенбей, қызғаныш пен кекшілдіктен аулақ жүрсе деп қашанғы аузымыз тозады? «Болар елдің баласы бірін-бірі бағыр дейді!» деген қазақ мәтелін жан үкіміндегі пір тұтсақ, қанекей! Даттаудан да, ақтаудан да аулақ жүрескіш!

Дени бір хатында қазақ-орыс сөздігін құрғатса, екіншісінде «Сергеленді» аудару ниетін, үшінші хатта «Ымырттың» қазақша нұсқасына көз салғысы келетінін аңғартады.

Әбдіжәміл ағаның Лилиге жауап хатынан мақтанаш салмады еседі. Француз тілінде шыққан кітабы туралы «Ән салғым, секірігім келеді. Жас балаша мөз болдым!» деп ағынан жарылады. Өзінің екінші кітабы қолжазбасының 4-5 жыл сөййте жатқанын, қолға алуға жүрексінетінін дос көңілмен бөледі.

Француздың белгілі сыншысы Луи Арагон Нүрпейісовтің «Ымырт» романын Өуезовтің «Абай», Гетегің «Вильгельм Майстер» романдарымен бір сөреге қатар қояды. Неміс әдебиетшісі Гуларун Циглер экологиялық проблеманы «Сен» тәртізді қабырғалы туындыға айналдыруда Нүрпейісовтің Валентин Распутин мен Шыңғыс Айтматов тәртізді танымалдықа жеткенін дарадәйі.

Әбдіжәміл Нүрпейісов жөнінде ресейлік жазушы, сыншылар пікірі салықлы. Борис Панкин «Соңғы парызға» жарылық тұрғыда роман-миф, роман-метафора деген анықтама береді. Нүрпейісовтің «Одиссеясы» деген атау да аузына түседі. «Қан мен терді» М.Шолоховтың «Тынық Дон», А.Толстойдың «Азапты сапарда» романдарымен бір деңгейде таниды.

Лев Аннинский Әбдіжәмілдің кейінгі кейіпкерлерінің табиғаты этнопсихологиялық астарға негізделгенін артықшылық санайды. Николай Анастасев Әбдіжәмілдің Германияда немістің зиялы қауымын философ Төнт туралы әрдайым төбемізден көніп тұрған жұлдызды аспан мен адамгершілік жазы тұтастығы аясындағы тосын толғағымен таңырқатқанын қызына өңімелейді. Шыңғысбатыс жоқ екендігіне сол жолы бұрынғыдан бетер көзіміз жетті деп түйіндейді.


Әбдіжәміл Нүрпейісов жөніне оның әлемдік әдеби пейзаж аясындағы кітаптары жайлы арнайы дүние жазуға «Соңғы парыздың» қозғалуы болғандығын ішарта баяндайды. Әзі ауылмен «Соңғы парыз» туралы Анатолий Ким бұл шығарманы әлеуметтік-философиялық роман деп түсінеді. Ертегідегі гректер трагедиясынан ұқсастық табады.

Павел Васинский жазушының шығармашылық тынымсызлығын: «Ол әлемдік сөз сияқты шарлап жүр. Бүгін Мәскеуде, ертең – Парижде, арғы күні таулы Индияда. Бұл – шекара ұғымынан тыс адам» деп тамсанайды. Георгий Пыхин Әбдіжәмілдің ұлттық боюғы анық интеллектуалдық ерекшелігін жоғары қояды. «Ақылды өзгекте күлді, данышпан өзін әуірелейді. Ақылды ойлағандың айтады, данышпан өзінен не тыңдағысы келетінін айтады» деген қанатты баламадан Әбдіжәміл бейнесін көреді.

Отандастар пайымы парасаттан аспайды, шығандан таспайды. Әсіре сөзден де, бәсіре сөзден де кіп алғын кінйіз қаламгердің қай жағынан шығай қаламыз деген секем тізгізді тежей білгенге ұқсайды. Қалтай Мұхамеджанов «Қан мен терді» ғұмылғы туындыны қайта шымайлаған Әбдіжәмілдің жансөбілдігіне жағасын ұстайды. Нұрлан Оразалин шығарманың ер жолына барын салатын сөз ұстасы санайды. Асанәлі Әшімов әулиеге, Смағұл Елубаев қызғыш құсқа, Дмитрий Снегин адам жанын емдеушіге тенедей. Виктор Бадиков психолог деп ұғады. Сағат Әшімбаев Ақбаланы Анна Каренина, Катерина тілпіндегі оқшау бейнелер қатарына жатқызады. Ақселу Сейдімбеков жазушы назарынан небір сұрқылтай оқиғалардың да қағыс қаламтайынын кейіпкер болмысынан табады. Мұрат Өуезов «Соңғы парызды» XX ғасыр әдебиетінің айрықша туындысы бігінге көтереді.

Сейдахмет Құттықадам жазушының шығармашылық дәлізіне бастайды. Майдандағы таласта Төстойдың жұлмыш шыққан «Соңғы және бейбітшілігі» аттарыла парактаған Әбдіжәміл дананың демі қонғандай түйсік тілін тарқатады. «Құрляндияға» Эмил Золяның «Тас-талқан» романы ықпалы болғандығына иек арта «Қан мен тер» Томас Маннның «Сықырлы тау» романымен рухтас туынды деген топшылауымызмен бөліседі. Терен мазмұнды сөз орамдарынан дәстүрлі жапон жырларымен үндестік көреді. Нұрлан Ерімбетов «Соңғы парыздағы» Жәдігер, Әзім, Мұқан бейнелерінің өмірдегі прототипін бүгінгі белсенділер арасынан ұшырастырады.

Әбдіжәмілмен жақын араласқандар ішінде үшеуінің тілі үшкірлеу. Үзгенді Гө Герольд Белгьер оқ туралы күнделік жазбаларының өзі бір томға жүк боларын аңқатады. Мінездемесі мүрдің оңғайды. «Сокыға қалқаны дайын, теңіз тұздап, аптабы пісіріп, жел-қызы шыңдап, Мығым, Кез келген қимылы есептеулі. Асықпайды. Ұтысы ұтымдылауында. Зерек. Көреген. Қазымар. Сімер» деп түстейді. Төрегейді Шарматовтың жұмсақ қошеметі қаламгердің әңгімешілігін, ғақлия



тық болмысын арқау еткен естелік парағынан самал желдей еседі. Бағыт тұлғалар туралы «...Сор астында тұнығып жатқан туған жердің балшық-батпағын ұзын қоныш резекке етіпкен толарсақтан кешіп жүріп, жаппай жұмыла қимылдап жатқан жұртқа ұйтқы болғанда, сонда, ол пақырлар отбасының күнделікті жан бағысы емес, өзінің жеке басының қамы емес, бүкіл ұлттың, күллі қоғамның тұтас игілігі ырысына бола жанын жалдап, қан соңасы шығатын еді-ау!...»

Монолог типіндегі асы тектес торығу сарыны Арал жайлы құлазыған көңіл пернесінен мұңды әуен шертеді. «Шүкір, шүкір ғой! Қан базарға айналған қала анау! Қазандай қайнап жатыр. Сол қазандай қайнаған қалада, сендей соқтығысқан ығы-жығы, абыр-сабыр, у-дудың арасында әлемдік іздегендей екі көзің алақтан сен тұрасың. Кәрі жанарыңды сығырайтып әркімге бір қарайсың. Бірақ, танымайсың. Былайырақ ойланасың. Өзгерген кім? Бұлар ма? Мен бе? Заман ба? Әлде жылы жаққа ұшарда үйірінен адасып қалған қаздай, қатарының бәрі кеткен кәрі көңіл не болса соған құсаланып, ар жағы құрғыр ит өлгендей ұлып тұра ма?»...

Әбдіжәміл әлемі биіктік пен терендік арақатынасынан тұрады. «Ауыз-екі әңгімесін, жол-жөнекей пікірін тыңдаудың өзі ғанибет» дейді аралас-құралас болғандар. Жазба сөзінің қуаты қандай екенін оқырман жақсы біледі. Көркем шығарманың несі – кейіпкер. Автордың сөз қуған сәтіндегі жан құбылысы көп жағдайда басқа бір тікелей өз көзқарасын елші қылған мақаласынан, түйдек толғамынан жалт етіп көз аулады.

Біз тоқталып отырған, хал-қалдарымызға көпшілікке ласихат жасаған «Әбе» кітабындағы сарт әсерді жазушының ішкі ірімі асау толқынының өзін жұтып алғандай шапшаңдықпен қапқаққандай жөнеледі. Ол қандай мин-белен болмасын ірі сөйлейді. Әйтпегі, ірі сөзі ірі ойдан туындылай. Өзін ұлтының бір бөлшегі ғана емес, алға бастыратын маңызды тегеріштерінің бір ретінде жауапкершілік жүгіне арқа тосады. Әлемдік жиындарда «Менің халқым!» деп ел атынан өкілдік алады. «Мен даланың ұлымын» дегенді бастырмалатып, жержүзілік әңгіле қазқы кендікті балама етеді. «Ұл парыз» деген тіркесе күш бітіре, туған жер, Отанға шексіз берілгендік туын желбірте, жас балаша желкілейді жөнеледі. «Турабиде туған жоқ» дегеннен таңбайтын өрлігімен пенделілік атаулыға қоныс қонбасын Шәкәрімнің «Бір Төстойдың өзі Исламның жүз соңысынан да шынылып» деп келетін уәжімен бедерлейді.

«...Қазір мен жас кезімде ұзақ ұйқыға кетіп, қартайған шағымда деп та оянған жандай сезінемін» деп басталған шырқаған ой кеңестік дәуірге шегініс жасатады. Деректері ір еткізеді. Коллективтендірудегі қысқат апаршылыққа ұласқанда бір-жар жыл ішінде 3 миллион қазақтың жан тапсырғаны, қуғын-сүргін кезінде қаншама адам, алғыр азаматтар жер аударылып атылғаны, соғыс жарты миллиондай қазақты жалмағаны жанарына жас үйіртпеді. «Өмір бойы отандастарымың өлімін көрумен келемін» деп налмды. Тыңды игеру деген желеумен Қазақстанға 3 миллион адам басқа жақтан көкелінді. Империялық саясат ұлтты нығайтуды ойлаған жоқ. Әйтпесе бір кездері Ресейге, Өзбекстанға, Қарақалпақстанға, Түркиямен далабастап кеткен 2 миллион қазақты өз еліне қайта қоныстандырар еді ғой?!

Қан қыздырған таласта ол бетін бар, жүзін бар демеі, тұрасына басылады. Тайрандаған қазақтардың тоқсаншы жылдар басында Орал, Шығыс Қазақстан, Қостанай жағын Ресейге телгісі келгенін, сондайлардың қолтығына су бүріккен Солженицыннің «Көшпенділердің табыны бір өткен жер Қазақстандай бола бере ме?» деген солақай сілтемесін қақырта соққылдайды. Волга жағалауынан Тарын су қоймасына, Әмудариядан Ертіске дейін сан рет шырылап, алансыз жайлағанын, 1595-1846 жылдар аралығында ұлы князь Федордан І Николайға дейін қазақ иеленушілермен келіссөз жүргізгенін, 1895 жылғы энциклопедияда Оралда 79, Ақмолада 73, Семейде 90 пайыз қазақтар тұрғанын көлденен тартады. Қазақ шекарасын алыс замандарда құлық пен жайлау құрағанын да тілге тиек етеді. Саны аз, жері мол ұлттың атамйрас жері – күллі Азияның кітті мен қақпасы дегенді де сыналап кетеді.

Әбдіжәміл аға қазақ болмысы туралы жеріне жеткізе нығарлайды. Мынау жалған дүниеде құдайы қонақ ұғымын мәңгі бақилық ұстаным тұтқан қазақ ғана. Өзінен артылмақ түгіл, жетпей тұрса да діліне, тіліне, ұлтына қарамастан әлсіз босқандарға қалай болмасын десенізі! Ағры жағына орлесе, қиылыштың жүзімен біте қоймайтын сларалық күнкілді тілдің қушымен жедел шешкен мыңжылдық билер институты ерікісіз тосылдырады.

Қазақ халқының философиясық ойлау, поэтикалық сөйлеу жүйесіне кім таңырқамған?! Осы ерекшелікті

С.С. Қазақстанның Елбек Ері, дүниежүзіне танымал жазушы Әбдіжәміл Нүрпейісовтің 7 томдық әдеби мұрасы оқырман қауымды айрықша елен еткізді. Аталған дүниенің 4-томында жинақталған зерттеулер арасында аралдық қаламгер Жаңабай Кемәлдін «Суреткер серпін семсергей» кітамына көзге оттай басылады. Мұндай шығармашылық сәттілік әккіні біріне бұйыра бермейді. Демек, журналистика жүрірінің дәуір процесті бағамдауы көптомдықты құрастырушыларды тәтті еткені дәуіс.

ескергісі келмейтіндерді адам құқын ұлт құқығына қарсы қоюдан, өзгенің құндылығын кемсітуден сақтандыра келіп, «қайырсыз, қуанышсыз, сенімсіздікпен, жек көрумен өткізген әрбір күн кешірімсіз!» деген адамзаттық айыл артады. Бұл пікірін «Адам ғылыми-техникалық тасқына өзінің мазасыз арынан басқа нені қарсы қоя алады?» деп және үстемелейді. Оған әрі терендетіп түсіп, «Табиғатты экономикалан, ұлттық рухтан бөлмеу керек. Осыған енді тілді қосыңыз!» деп таразы басын теңселтіп жіберетін экологиялық апаттың өлшен болмас қасіретіне алаңдайды. Ежелгі егіншіліктердің су жолы бөгөуді кісі өліптіргенмен пара-пар санайтынын қаһарлана еске салады.

Қазам деп аузы тозған қаламгер Омбы сапарында ашыла сыр шертеді. Осыдан ғасырға жуық уақыт бұрын Еуропа мәдениеті үгітісінде қалыптасқан қазақтың ұлы ұлдары ел бола



Жақсының жарығы өшпейді

Сыр жұртына Әзқожаевтар әулеті бұрыннан таныс. Көнекөз қариялардың естелігі бойынша Қылыш Қожадан тарайтын Таспа бабамыз ақын болған екен. Ол кісіден Қалдыр, одан Әзқожа, одан Қазқожа, одан Омар тараған. Қалдыр ағамыз заманында Сыр еліне атағы шыққан дәулетті адам болғасын ұлы Әзқожа мен немересі Қазқожаны Бұқарада медреседе оқытқан. Екі жыл бұрын келместін кемесіне мініп, алыс сапарға аттанған Дәуіржан Омарұлы Әзқожаев арамызда болғанда 30 қарашада алпыстың асуына шығатын еді.

ліктен босатқасын, бос уақытымызды Қызылордада өткізгіміз келеді. Дәуіржан қылдыранды ұнатпайтын. Спирттік ішімдікке әуестігіміз жоқ, кафеге бармаймыз, ермегіміз – орталықта орналасқан «Спутник» кинотеатрынан кино көру, кітап оқу. Ол өте салмақты, артық сөз айтқан адамды ұнатпайды. Өзі де көп сөйлемейді. Басында мектеп пен университетте орыс тілінде оқыған оған қазақшылығы басым, қылмыстық істер қазақ тілінде жүргізілетін ауданда тіл үйрену қиын соқпанын білемін. Бірақ, өзінің сауаттылығының, ұқыптылығының, тиянақтылығының, әр іске жауапкершілікпен қарауының, есте сақтау қабілетінің арқасында қазақ тілін тез арада жақсы, жоғары деңгейде меңгеріп алды.

Бірнеше жылдан кейін ол аудандық ішкі істер бөлімінің жас тергеушісінен тәжірибелі, тісқакқан тергеушіге айналып, кейін облыстық ішкі істер басқармасы тергеу бөлімінің тергеушісі болып ауысты. Істерді сапалы тергеді, сезіктінің қамалу мерзімін, азаматтардың конституциялық құқығын бұзған жоқ. Тергеу – құқық қорғау органдарының ең жауапты, ең ауыр саласы. Қылмыстық істің тергелуін аяқтау арқылы бүкіл ішкі істер органдары жұмысының ең соңғы нүктесін қоятын орган.

Дәуіржанның бала күнгі арманы орындалып, ол өзінің сауаттылығы, кейін жинаған тәжірибесінің арқасында Президент Жарлығымен әуелі Қызылорда қалалық сотының, кейін облыстық соттың судьясы болып тағайындалды. Аса сауаттылықты, жауаптылықты қажет ететін екі лауазымда да Дәуіржан абыроймен, жемісті қызмет атқарды. Тәртіптік жаза алған жоқ, үнемі марапаттауға ие болып отырды. Аудандық, облыстық ішкі істер бөлімі, басқармасы, комсомол, партия, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің, облыстық сот, Жоғарғы Сот, Әділет министрлігі басшылығының ақшалай, заттай сыйлығымен және грамоталармен марапатталды. Милицияда бірге қызмет істегенде оның іс-әрекеттеріне азаматтардың шағымдануы, заңдылықты бұзуына байланысты жедел мәжілісте қаралғаны, прокуратура, сот тарапынан ұсыныс, жекеше қаулы шығарылғаны туралы естіген емеспін.

Тергеуші болғасын алдына неше түрлі адам келеді. Бірі – қасақана азаптап адам өлтірген, бірі – өзінің жақынын зорлаған, тағы біреуі – мал ұрлап сойып алған. Қызығушылық танытып, тергеу амалдарын жүргізіп жатқан кезде жиі барамын, ол келергі жасамауымды ескертеді. Жаспыз ғой, қызбамыз, аса ауыр қылмыс істеп, ауданда, тіпті облыста қоғамдық пікір туғызған, атышулы іс бойынша ұсталып, оның алдында отырған сезікті адамның дәлелдемелер жеткілікті бола тұра өтірік айттып, мойындамай, тергеушіні жалған жолға салып, түлкібұлаңға салып отырғанына қарап жауап алу процесіне араласқын келеді. Сонда ол араға түсіп, өзінің ісі бойынша өтіп жатқан сезіктіні қорғап, дауыс көтермеуімді, оның арына тимеуімді, араласпауымды сұрайтын. Бірде өзінің жасөспірім қарындасын зорлаған, ажыратпақшы болған әжесін пышақтап өлтіріп, тергеуде түк болмағандай кейін танытып, арақ ішіп мас болып қалғанын сылтауратып отырған сезіктіден шындықты айтуын сұрадым. Дәуіржан әдеп-тәтісінең екі қолымен мені қапсыра құшақтап алып, сыртқа шығарып жіберді. Ол «онысыз да қылмысына жан алдында жауап береді, ұзақ жылға сотталады, оның үстіне Алла жазалайды ғой» дейтін. Мен әрекетімнің жастық, қызбалық екенін, қандай аса ауыр қылмыс істесе де ол сот тағайындаған жазадан асып кетпейтін, ол жазадан құтылғанмен Алланың жазасынан құтылмайтынын кейін түсіндім. Анықтама, тергеу органында, әсіресе қазіргі қызметім заң бөлімі мәселелерімен оған жиі телефон соғамын. Кейде қызметтік бөлмесіне баратынын. Ерінбей, асықпалы кодекстер мен заңдар, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын көтеріп сұрақтарым жауап береді. Ол кезде «Зангер» деректер базасы жоқ, кітаптар, базадан шығарылған заңдар, қаулылар үзіндісін беріп жібереді.

«Биік төбеге шықсаң, көзің ашылады, жақсымен сөйлессең көңілің ашылады» демекші онымен сөйлесіп, пікірлесудің өзі бір ғанибет еді. Қандай тақырыпты қозғасақ та, ақпаратқа бай-тұғын. Жақсы зангер, өз ісінің хас шебері, нағыз маман, кәсіби



қызметінде талапшыл басшы, білікті ұйымдастырушы бола білді. «Жақсы адам – елдің ырысы, жақсы сөз – жанның тынысы» демекші оның аузынан тек жақсы сөз шығатын. Қандай жағдайда, күйде болса да ешқашан балағат, анайы сөз айтпайтын. Біреудің шамына, намысына тию дегенді білмейтін.

Иә, онда бір алам басына сыймайтын соншама жақсы қасиеттер көп болатын. Пендеміз ғой, жігіттермен отырғанда, біреуге ашуланғанда кейде аузымыздан анайы, жаман сөздер шығып жатады. Оның аузынан шығатын ең ауыр сөз – «сандалдабай» еді.

Ол 80-жылдары Жұмағұлов Қуантқан ағамыздың қызы Хадисшаны отбасын құрды. Олар – бір университеттің түлегі. Қазір Хадисша Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасында жоғары лауазымда қызметте.

Адам болар жігіттің жары өзіне лайық. Керуен бастар жігіттің нары өзіне лайық.

Жақсы әйел – жігітке біткен бақ, Жақсы жер, жайлы қоныс – алтын тақ, – деген жолдар екеуіне арналғандай.

Дәуіржан елін сүйді, асыл жарын аялады, балапандарын шексіз әкелі махаббатқа беледі. Адал қызмет етіп, кісілік келбетін танытты. Ажал түгіл ауыр сөз айтпн реңкітуге қимайтын ол биік парасатымен, шексіз адалдығымен, әдемі әзілімен жүзеген жүректі баурады. Міне, осындай азаматпен, асыл доспен мәңгіге қоштасқанымызға да екі жыл болды.

Шаңырағында үш перзент өмірге келді. Тұңғышы Айжан мемлекеттік құзет қызметінде, ұлы Айдан Нұр-Сұлтан қаласының Есіл аудандық прокуратурасында қызметте. Үйдің кенжесі Арлан – мектеп оқушысы. Немерелері Уәлихан, Набижан өсіп-жетілуде. Хадисша балаларының болашағынан үлкен үміт күтеді.

«Әдемі қарттық – бір бақыт» дейді халық сөзі. Тек осы әдемі қарттау бақыты Дәуіржан досымызға бұйырмады. Шүкір, ізінде жақсы сөздері мен істері қалды. Ол де бағындыратын бөлестері көп-тұғын. Отбасына, бауырларына, достарына, айнала-сына керек еді. Дәуіркеннің жақсы қасиеттері, үлгілі сөздері, жарамызы күлкісі, жарқын бейнесі біздің, ұрпақтарының есінде мәңгі сақталады.

Хұсайын ҚОРАЗБАЕВ,
Қазақстан Журналистер және Зангерлер одағының мүшесі, облыстық полиция департаментінің бөлім басшысы, полиция полковнигі

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ

МИКРОКРЕДИТТЕР

- ✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
- ✓ кепілсіз
- ✓ алты жылға дейін

ОҢАЙ, ЫҢАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС

1 000 000 ТГ

Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе
төл. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45
Все подробности на сайте everestfinans.kz

03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

Хабарландыру

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Арал ауданаралық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына бақылау кеңесінің мүшесі лауазымдық қызметіне Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы конкурс жариялайды.

Конкурс өткізілетін күні: конкурсты өткізу туралы хабарландыруды жариялағаннан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің аяқталуына дейін.

Конкурс өткізілетін орны: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 27, №212 бөлме.

Кәсіпорын атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефоны: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Арал ауданаралық ауруханасы» ШЖҚ КМК, индексі 120100, Қызылорда қаласы, Арал қаласы, Сырым батыр даңғылы №1, байланыс телефоны: 8 (72433) 2-06-66, e-mail: crb-aral@mail.ru

Негізгі қызметі: аудан халқына амбулаториялық-емханалық, стационарлық және стационарлық алмастыратын медициналық көмек көрсету.

Бақылау кеңесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар жоғары білімнің болуы, сондай-ақ төмендегі мынадай талаптарының бірінші:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және

(немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурсты өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) Еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, не сонғы жұмыс орнына қабылданған және еңбек шартының тоқтатылғандығы туралы бұйрықтардың көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аймақтық бөлімшелерінен сотталғаны және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігі туралы берілген растайтын құжаттар. Үміткер конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып жасырады. Бұл конвертке үміткердің аты, жөні, тегі және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Қажетті құжаттар Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 27 үй мекенжайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс. **Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-01-51 (3008), 23-53-41.**

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі Комитетінің Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы басшылығының 2021 жылдың 4-тоқсанында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау кестесі

№	Т.А.Ә.	Лауазымы	Қабылдау уақыты	Орналасқан жері	Байланыс телефондары
1	Нұрмағамбетов Мәрат Жалпақбайұлы	Инспекция басшысы	Жұма сағат 11.00-13.00	Қызылорда қаласы Н.Назарбаев даңғылы 60А	23-19-61
2	Абдразақов Исатай Өмірзақұлы	Инспекция басшысының орынбасары	Бейсенбі, сағат 10.00-12.00	Қызылорда қаласы Н.Назарбаев даңғылы 60А	23-19-61
		Әлеп жөніндегі уәкіл	Әлеп жөніндегі мәселелер бойынша күнделікті 9.00-17.00		

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген ҚР «Мемлекеттік қызметшілерінің Әлеп кодексі» талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында «Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ-де 23-19-61 Сенім телефоны жұмыс жасайды.

Хабарландыру

2021 жылдың 25 қарашасынан бастап «Аралтұз» АҚ-ның қасасынан 2020 жылдың қорытындысымен артықшылықты акцияларға дивидендтер босатылады.

Дивиденд алушы жеке куәлігін көрсетуі қажет.

Дивиденд төлеу сұрақтарымен мына мекен-жайға хабарласуға болады: Қызылорда облысы, Арал ауданы, Жасқылыш кенті, тел.: 87014603717

«Аралтұз» АҚ әкімшілігі

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Досжанов Жәнімбек Нұрекеевич (лицензия №0000101 21.06.2005 ж.) 2021 жылдың 25 тамызында қайтыс болған азамат Қалиев Асқан Қалиұлының атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 62/2, тел.: 23 15 88, 8 777 271 51 48.

Қызылорда облыстық соты және Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің ұжымдары, ҚР Судьялар Одағының облыстық филиалы Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы Жарлықасинова Зәуре Тұрсынбайқызына әкесі

Тұрсынбай Жарлықасиновтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Цифрлық теңге (пилоттық жоба)

Цифрлық теңгені шығару бойынша шешім қабылданды ма, жалпы цифрлық теңгенің анықтамасы.

Ұлттық цифрлық валюта – бұл Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің цифрлық нысанда ұсынылған міндеттемесі болып табылатын ақша қаражатының перспективалы нысаны.

Цифрлық теңге заңды төле құралы, күн өлшемі және жинақ құралы болып табылады.

Цифрлық теңгені шығару бойынша шешім қабылдау үшін ең алдымен цифрлық валюта шешетін міндеттерді анықтай отырып, оның пайдасы мен зиянын, ақша-кредит саясатына әсерін, қаржы тұрақтылығын және төлем экожүйесін, оны шығару және тарату әдісін, қолданылатын технологиясын жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бұл жұмысты қаржы нарығының қатысушыларымен, сарапшылар қоғамдастығымен және халықаралық әріптестермен бірлесіп жүргізуді жоспарлап отыр.

Цифрлық теңгені енгізу туралы түпкілікті шешім әлі қабылданбағанын атап өту қажет.

Цифрлық теңгені енгізу қажеттілігі және артықшылықтары. Енгізу мақсаты қандай?

Цифрлық теңгенің басқа ақшадан өзгешелігі болып табылатын технологиялық артықшылықтары барлық азаматтар үшін жаңа әлеуетті функционалдық мүмкіндіктерді – жылдам есеп айырысуды жүргізуді, қаражатты басқару мүмкіндігін, коммерциялық банкттердің жұмыс кестелеріне байланыстырмай онлайн және оффлайн режимдерде есеп айырысуды жүзеге асыруды айқындайды.

ҚР Ұлттық төлем жүйесін одан әрі дамыту және жаңғырту, жаңа сыртқы сын-қатерлерге бейімдеу жобаның мақсаты болып табылады.

ҚРҰБ республикада төлем айналымында барлық қатысушылар қымбат емес, тез орындалатын, қолайлы және қауіпсіз төлемдерге қолжетімділігі ала алатындай, Ұлттық төлем жүйесін құрып, дамытуда. Цифрлық теңгенің инфрақұрылымы қаржы нарығына қатысушылар үшін қосымша құрал болады, олар оны пайдалана отырып, жаңа инновациялық сервистерді енгізе алады.

Цифрлық теңге мемлекеттік қызмет көрсетуді дамыту мүмкіндігін және экономика-ның басқа да салаларын дамыту мүмкіндігін береді, цифрлық төлемдер республиканың барлық өңірлеріне таралуының одан әрі өсуін қамтамасыз етеді және қаржылық қызметтердің қолжетімділігін де арттырады. Келешекте цифрлық теңгені енгізу трансшекаралық төлемдерді де арзан және қолайлы ете алады.

Цифрлық теңгенің стейблкоиннен, криптовалютадан, электрондық ақшадан айырмашылығы.

Цифрлық теңге – нарық қатысушыларының сенімімен қамтамасыз етілген, монетарлық реттеушінің міндеттемесі болып табылады. Бұл заңды төлем құралы, ол барлық жерде қабылданады, айналыс құралы және құнның ыңғайлы өлшемі болып табылады. Басқаша айтқанда, цифрлық теңге ақшаның барлық функцияларын орындайды және ақша құралы болып табылады.

Ал стейблкоиндер мен криптовалюта көбінесе қандайда бір міндеттемемен қамтамасыз етілмеген цифрлық қаржылық активтер ретінде анықталады. Цифрлық теңгемен технологиялық тәсілдердің ұқсастығына қарамастан, ақшаның барлық функциясы – айналыс, жинақтау және төлем құралын орындай алмайды, сонымен қатар күн өлшемі ретінде қызмет ете алмайды.

Стейблкоиндер мен криптовалютаарды фиаттық ақшадан өзгеше ететін келесі

ерекшелік –бұл желілік әсерлер –әр жаңа пайдаланушымен осы активтерге сенімнің артуы, ол бір уақытта құлдырауы немесе керісінше күшеюі мүмкін.

Бұл тұтынушылар үшін әлеуетті үлкен тәуекелдерге, жоғары құбылмалылыққа әкеледі және криптовалюталардың ақша функцияларын орындауына мүмкіндік бермейді. Оларда азаматтардың мүдделерін қорғауға кепілдік бере алатын орталық банк деңгейінің кепілі жоқ және олардың құны үнемі өзгеріп отырады.

Қарапайым пайдаланушы жай ақшадан цифрлық теңгеге өту қажеттілігі. Халық цифрлық теңгеге көшу үшін ынталандыратын себептер.

Төлемдердің айқындылығын, арзандауын, жылдамдығын, цифрландыруды, қаржылық қызметтің қолжетімділігін, икемділікті, төлемдерді жүргізу үшін Интернет желісінің қажеттілігі болмауын, яғни 24/7 қолжетімділікті қамтамасыз ететін валютаның функционалдық сипаттары әлеуетті негізгі ынталандыру болады. Пайдаланушылар өздерінің қаулауы бойынша транзакцияларды жүзеге асыру үшін теңгенің қандайда бір нысанын таңдайтынын атап өткен жөн. Цифрлық теңгені енгізу кезінде қаражатты қолма-қол ақшасыз қаражаттан цифрлық теңгеге аудару үшін қандай да бір директивті шаралар әзірленбейді. Жинақтау мүмкіндігі тұрғысынан цифрлық теңгеге пайыз есептелмейтіндіктен ағымдағы шоттардағы қолма-қол ақшасыз қаражат алдында цифрлық теңгенің артықшылығы (кэшбэк) болмайды.

Шартты түрде Касин қызметін белсенді пайдаланатындар үшін және халықтың цифрлық теңгені пайдалануда мүдделігі.

Пайдаланушыларға банктік шоттардағы ақшамен цифрлық теңге арасындағы негізгі айырмашылық цифрлық теңгенің технологиялық қамтамасыз ететін жаңа төлем

қасиеттерінде болады. Жаңа валюта есеп айырысудың жоғары қарқынды, 24/7 қолжетімділікті, іріктістің төмен ықтималдығымен операцияларды ойдағыдай орындауды, оффлайн-төлемді қамтамасыз етеді (яғни желіге қосылусыз төлемді жүргізу мүмкіндігін береді). Цифрлық теңге қолма-қол және қолма-қол емес ақшаға айырбастаудың сенімділігін, қауіпсіздігін, қарапайымдылығын және қолайлылығын, бір платформа шеңберінде түрлі банктік шоттарға онлайн-аударымдарды да қамтамасыз етеді. Жекелеген коммерциялық банкттердің жабық жүйесінің электрондық ақшасымен салыстырғанда басқа цифрлық платформалар мен ықпалдастыру мүмкіндігі шығындары аз транзакцияларды жүзеге асыруға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Цифрлық теңгені пайдалану жолдары.

Төлемдерді жүргізудің әртүрлі сценарийлерін тестілеу пилоттық жоба шеңберінде жүргізілетін болады. Нәтижесінде қарапайым ұялы телефондарды (смартфондар емес), төлем картчаларын немесе басқа да төлем құралдарын пайдалану жолдары айқындалуы мүмкін. Цифрлық теңгені қолжетімді гаджеттер мен мобильді құрылғылар арқылы, сондай-ақ ағымдағы қолма-қол ақшаға жатпайтын ақша арқылы пайдалануға болады деп болжанады. Бірақ қолма-қол ақшаға жатпайтын қаражатқа қарағанда цифрлық теңгені оффлайн режимде де, яғни интернетке қол жеткізусіз: POS-терминалдарды, QR-кодтарды, биометриялық технологияларды және транзакцияларды жүргізудің өзге арналарын қоса алғанда, инфрақұрылымның ағымдағы элементтері арқылы пайдалануға болады.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Қызылорда филиалы

Облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова С.Лапин атындағы №261 орта мектебінің 10 «А» сыныбына физика пәнінен сабақ берді.

Sb

Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

Сала басшысының сабағы

Сабақ «Изопростерер. Изопростерердің графикатері. Дальтон заңы» тақырыбында өтті. Оқушылар топтық, жұптық, жеке болып бөлініп жұмыс істеді. Басқарма басшысы мемлекеттік қызметте жүрсе де, оқушылармен кездесуге тыңғылықты дайындалған. Есеп шығарып, теңеулерді бірге талдады. Балалар сабаққа белсенді қатысып, зеректігін байқатты. Мұнан соң оқушылар гидростатика әдісімен өсірген өсімдіктерін, кәсіпкерлік мектебінің жұмыстарымен таныстырды. Акт залында бітіруші

түлектермен кездесіп, мектеп Президенті Бактыгүл Шаймұратпен сұхбаттасты. Ақзира Бактыбайқызы оқушыларға алдағы тестілеуден жақсы нәтиже көрсетуге тілектестік білдірді. Айтпа кету керек, аталған білім ошағында 2300 оқушы білім алуда. Биыл 11 сыныпты 41 оқушы бітірмек. 12 оқушы физика пәнін таңдаған. Сала басшысы физикадан озат оқушылардың бірі Құралай Есеннің сабақ өту туралы айтқан ұсынысын қабылдаған болатын.

ШАБЫТ

«Ғажайыпқа сеніп өтем...»

Облыстық жастар ресурстық орталығының және №19 қалалық кітапхананың ұйымдастыруымен акын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Толқын Қабылшаның «Поэзия әлемінде» атты жыр кеші өтті.

Кешке акын, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы Қаршыға Есімсейітова, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, акын Қатира Жәленова, айтыскер акын Серік Ыдырысов және акын Мөлдір Айтбай қатысты.

Шығармашылық кеште алдымен Қаршыға Есімсейітова сөз сөйлеп, акын шығармашылығына сәттілік тіледі. Одан әрі Қатира Жәленова «Сөз – қазақтың тегіне, өлең – қазақтың қанына, ал акын – бағына біткен асылдар. Толқын Қабылшаның ең бірінші сөз киесін түсінуінің өзі, оның жай акын емес екенін көрсетеді» деді. Сондай-ақ, кеш қонағы Индира Елубаева акынның сөзіне жазылған «Күз кеуде» әнін шырқады.

Өз кезегінде акынның өлеңдеріне, жарыққа шыққан кітаптарына тоқталған Серік Ыдырысов ақ батасын берді. Бүгінде акын Толқын Қабылшаның сөзіне жазылған әндерді Мақпал Жүнісова бастаған эстрада жұлдыздары, айтулы өнер иелері шырқап, тыңдарман қауымның ыстық

ықпалына бөленіп жүр. Сондай-ақ, Толқын Қабылша сөзін жазған «Күз кеуде», «Ана», «Әйел-ғұмыр», «Асыл әке» секілді әндер қазақ сахнасында кеңінен шырқалуда. Мұнан соң оқырмандар акын өлеңдерін оқыды. Ал, №43 орта мектеп мұғалімі Гүлзия Жұмағалиеваның акынға арнауын шәкірті Айтбай Көркем оқып берді. Кеш соңында акын Толқын Қабылша сөз сөйлеп, қатысушы қонақтарға алғыс білдірді.

Айта кетейік, Толқын Қабылшаның өлеңдері бірнеше шет тілдеріне аударылып, «Қазақ заманауи поэзиясы» антологиясына еніп, түркітілдес елдердің әдебиет кеңістігінде кеңінен насихатталуда. Автордың «Жаныммен жалғыз кешкем мұң» атты кітабы 2011 жылы оқырманға жол тартса, 2016 жылы «Жаңбырдағы сағыныш» кітабының Алматыда тұсауы кесілді. «Осы бір сәт ұнайды» атты үшінші жыр жинағы мемлекеттік тапсырыс негізінде жарық көрген.

«СБ» ақпарат

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

ҚОЛӨНЕР КӨРМЕСІ

ӘСЕМДІК ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында С.Айтбаев атындағы облыстық көркемсурет галереясында «Дәстүр» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Атадан қалған асыл мұра» атты қолөнер шеберлерінің көрмесі өтуде.

Газиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Шараны ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Ержан Уәйіс ашып, қазақтың арғы-бергі тарихында төрт рет астана болған, Алаштың анасы атанған Сыр өңірінің орны оқшау тұратынын атап өтті.

– Сонау хандық дәуірінен бері еліміз бірнеше қоғамдық-саяси өзгерістерді басынан өткізіп, бүгінде тәуелсіз, заңды мемлекет ретінде әлемге әйгілі болды. Ата-Занымыз қабылданып, шекарамыз бекітілді. Ел дамуының стратегиялық басым бағыттары айқындалды. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық қодымды сақтап қалу, тарихи-мәдени құндылықтарды терең тану мәселесі басты назарға алынды. Осы тұрғыдан келгенде, салт-дәстүр, әдет-ғұрып сынды ұлттық құндылығымыз Сыр бойында ерекше сақталған. Мемлекеттік тілдің де мәйгігі бұзылмаған. Қолөнер кең қанат жайған. Қарасаңыз, әр шебердің туындысы бір-біріне ұқсамай, өзіндік даралығымен сипатталады. Сондықтан ұлттық дәстүрді ұлықтап, қолөнерді дамытуға барынша қолдау танытуға тиіспіз.

Ұлттық құндылықтар жайлы айтқанда мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің еңбегін ұмытпауымыз керек. Айталық, ол қазақ тілі жөнінде құрылған алғашқы комиссияны басқарды. Ұлттық мерекеміз – Наурыз тойының оралуына, Ресейдегі Эрмитаждан тайказанды Түркістанға алдыруға, одан бөлек, бірқатар мәдени ескерткіштерді қалпына келтіруге зор үлес

қосқан. Бүгінгі ұрпақ осындай деректерді біле жүргені артық болмайды, – дейді Ержан Уәйіс.

Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Жәнібек Маханбетов, белгілі қолөнер шебері Пахредин Шәмшіұлы да осынау көрмеден ұлттық нақышты айшықтап, тәуелсіздік тақырыбын арқау еткен құнды дүниелердің орын алғанын айтты. Сондай-ақ, шараның ашылуында дәстүрлі әнші Марат Сүгірбай және Қорқыт ата атындағы университет жанындағы «Дәстүрлі өнер» институты әншілері орындаған жыр-термелер, халық әндері мәдени кештің ажарын аша түсті.

Көрмеге облыс аумағынан 30-дан астам қолөнер шебері қатысып, шығармашылық туындыларын көпшілік назарына ұсынды. Оның ішінде металдан, сүйектен, ағаштан жасалған кәдесыйлар, сол сияқты, киізден басылған, жүннен тоқылған, шиге, кенепке бедерленген түрлі бұйымдар өз ерекшелігімен көздің жауын алады. Айталық, Айдана Әлайдарованың киізге

басылған «Өмір ағашы» туындысы, аты айтып тұрғандай, адамның жанына жылылық беріп, жүрекке үміт ұялатады. Сол сияқты, оның «Керуен», «Аңшы» атты бұйымдары да – ұлттық бояуы қанық, көрнекті қол еңбегі.

Қолөнерші Ұлмекен Мауытова «Дала әуендері» туындысында киіз бен кенепті жапсарлап, бетіне түтілген жүннен сурет салған. Одан бөлек, бірнеше еңбектері көрмеден орын алыпты. Ал Аружан Тұрлыбек есімді жас қолөнерші сол жерде саз балшықтан бұйымдар жасап, өз ісінің шебері екенін байқатты.

Көрме барысында қолөнер шеберлері Жәнібек Маханбет, Пахредин Шәмшіұлы, Дәулетбек Тойшыбаев, Балжан Сатыбалдиева, Айдана Әлайдарова ағаштан және киіз бұйымдар жасау, киіз бетіне басып, кілемге тоқу арқылы көркем дүниелер дайындау бойынша шеберлік сағатын өткізді. Бұл ретте қолөнершілер өзара тәжірибе алмасты. Айта кетейік, көрме 3 желтоқсанға дейін жалғасады.

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзейбаев және «Дәстүр» қоғамдық қорының директоры Канат Ақпанов шараға қатысушыларды Алғыс хатпен марапаттады.

Сырға толы «Сырлытам»

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

Кармакшы – тарихи-мәдени ескерткіштер мен рухани мұраларға бай өлке. Сонау Оғыз хандығы кезінде Баят, Қият тайпалары біздің жерімізде мекен еткені туралы Әлкей Марғұлан, Әуелбек Қоңыратбаев сынды түрколог ғалымдар зерттеп, түрлі ғылыми тұжырымдар айтқаны мәлім.

Бұған қоса, Кармакшы өлкесі Қорқыт ата мемориалды кешені, Кармакшы ата, Марал баба, Қалқай ишан кесенелерімен танымал. Осы мақалада Т.Көмекбаев ауылына қарасты «Тағай» уақасының солтүстік-шығысқа қарай 16 шақырым жерде орналасқан «Сырлытам» кесенесі туралы айтпақпыз.

Ескерткіш Жаңадария өзені көне арнасының алқабында орналасқан. Кесене порталды-күмбезді, бір камералы құрылысқа жатады. Биіктігі күмбезімен бірге 13 метрді құрайды. Төрт бұрышты, күйдірілген кірпіштен қаланған. Осы ескерткішпен аттас «Сырлытам» күмбезі атты екінші тарихи жәдігер Қызылорда қаласының батысында «Іңкәрдария» ауылының жерінде тұрғанын ғалым Ә.Қоңыратбаев «Сыр бойында – Сырлытам» атты мақаласында жан-жақты деректер келтіріп жазған болатын. Түрколог ғалымның жазба деректерінде бұл «Сырлытам» мазары жайлы «Ислам дінінің әсерінде емес, шаманизм рухында салынған. Мазардың есігі біреу, ол құбылаға емес, шығысқа қараған. Ішіндегі сегіз мола да шаман салтымен теріскейге қарата жерленіпті. Дөңгелек кірпіштен өрілген екі босағаның арасына орнатылған ою-өрнек үлгілері түрікмендердің қалы кілеміне ұқсас» делінген.

Қазақ сәулетшісі М.Сембин сәулет өнеріндегі ескерткіштердің, кейбір жиі кездесетін атаулардың мағынасын талдап, былай деп жазды: «Ішкі көріністері сәндік өрнегімен, қасбеті оюлы терракотасымен қапталуымен

«Сырлытамды» байланыстыру жөн. Қазақстанда осындай кесенелердің бірнешеуі бар және олар түрлі аймақтарда орналасқан».

Қызылқұм ішіндегі «Сырлытам» күмбезінің ерекшелігі – есігі біреу емес, екеу. Алдыңғы кіреберіс есік батысқа (құбылаға) қараса, артқы есік шығысқа қарай ашылған. Күмбез төбесі жабық. Қабырғаларынан жарық түсерлік үшбұрышты бірнеше тесіктер ғана жасалған. Есіктен 3 метрдей биік маңдайша доғалданып, иіліп өрілген қыштар аспан түстес көк сырмен боялған. Кіреберіс есігінің екі жағында арабша жазылған жазу іздері бар.

Уақыт пен адамның әрекеті көне жәдігерлерді аямаған, өкінішке қарай бұл «Сырлытам» кесенесіне де қатысты. Жергілікті ақсақалдардың айтуынша, XX ғасырдың ортасында кесененің шатырын сексеуіл дайындаушылар арқанмен жұлып әкеткен. Ойтсе де қабырғалары бүтін сақталып қалды. Ескерткіш қатты қирағандықтан, 2000-жылдардың басында қайта жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Күмбездің, портал мен жерлеу камерасының сыртқы және ішкі қабырғаларының толығымен жойылған бөлшектері қалпына келтіріліп, есіктері қайта орнатылды. Қалпына келтірілгеннен кейін өзінің бастапқы түріне ие болды.

Камар СӘРСЕНБАЕВА, К.Рүстембеков атындағы «Жыраулар үйінің» мәдени ұйымдастырушысы. Кармакшы ауданы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ТүзкөлМұнайГаз Оперейтинг» ЖШС «Түзкөл кен орнын игеру жобасы» жобалық құжаттың «Қоршаған ортаға әсерін бағалау жобасы» бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдау: 24.01.2022жыл сағат 11:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Терөзбек кенті, Абай көшесі №31 (аудандық әкімшілік ғимараты).

Карантиндік жағдайларды ұзарту кезінде қоғамдық тыңдау ZOOM платформасында бейне-конференция форматында өтетін болады. Қоғамдық тыңдауға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет: <https://us06web.zoom.us/j/85136864031?pwd=UHDxTVB4ZFRzZ1RQMUFqMFZ5Rm5ldz09>

Конференция идентификаторы: 851 3686 4031

Кіру коды: 471141

Бастамашы: «ТүзкөлМұнайГаз Оперейтинг» ЖШС

Өкілі: Адранов Азамат Алматы

Байланыстар: тел.: 8(7242)29-98-91, Электрондық пошта/e-mail: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Жобаны әзірлеуші: «МұнайгазГЗЖИ» АҚ

Өкілі: Ляля Ешбаева, Мендигазиева Гульдана

Байланыстар: тел.: 8-7292-60-02-08 ішкі 113, Электрондық пошта/e-mail: el@nipi.kz; mendgl@nipi.kz

Порталға сілтеме: <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings>

Жоба құжаттары бойынша қосымша ақпаратты келесі электронды пошта және номер арқылы алуға болады: 8(7242) 29-98-91, Электрондық пошта: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Ескертулер мен ұсыныстарды жергілікті атқарушы органның электрондық мекен-жайына жолдауға болады: ar.zholdasbekova@korda.gov.kz, байланыс телефон: 8(7242) 60-53-69.

«МАҒЖАН И К» ЖШС сапалы әрі мол өнім алуға болатын күршітін «Элнта», «1-репродукция» және жоңышқаның «Жетісулық жергілікті», «Түркістан-15» тұқымдарын ұсынады.

Байланыс тел.: 8-705-706-70-00, 8-701-512-00-86. E-MAIL: AIZHAN@ABZAL.ORG

(10-6)

Газетіміздің келесі саны 1 желтоқсан, сәрсенбі күні шығады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

меншік иесі

СЫРМЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001-2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Таралымы 26425
Тапсырыс №1727

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А». e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz